

ISSN 2706-8293

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

**Баишев университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Баишев университета**

2020

№ 1 (67)

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**
ФЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

**ВЕСТНИК
БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА
научный журнал**

Казақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген,
куәлік № 4645-Ж Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан, свидетельство №
4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца

№ 1 (67)
март
2020

2000 жылдан бастап шығады

Издается с 2000 года

	МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ PEDAGOGIKA FÝLYMDARY - ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ	CONTENTS
№ 1 (67) март 2020	<p><i>Демеуов А.Ш.</i> Қазақ Халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі</p> <p><i>Бактыгулов А.И.</i> Драматургиядағы тарихи тұлғалар бейнесі</p> <p><i>Сейтказина А. , Ниязова Ф.М.</i> Ж.Тілебергенов драмалары: жанр ерекшелігі мен идеялық мазмұны</p> <p><i>Алаева З.Р., Ниязова Ф.М.</i> Саги Жиенбаев поэзиясындағы тұған жер тақырыбы</p>	5 7 13 18
БАС РЕДАКТОР ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР Ахан Б.А. БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЗАМ. ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА Лыгина О.И. РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ РЕДКОЛЛЕГИЯ Агзамова А.Б. (Казахстан) Абрахам Алтонаян (Великобритания) Асаров А.А. (Казахстан) Бияшев Б.Г. (Казахстан) Жаппейсова Н.М. (Казахстан) Камаруль Хавари (Малайзия) Корченко А.Г. (Украина) Ли Дзень Хун (КНР) Лыгина О.И. (Казахстан) Тадеуш Граца (Польша) Асадуллин Р.М. (Россия) Мухитдин Бин Исмаил (Малайзия) Султангареева Р.А. (Россия)	<p>ЭКОНОМИКА ФЫЛЫМДАРЫ - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ</p> <p>Рыкова И. А., Уварова, Е., Лыгина О. И., Конратбаева Р., Нұржанов Б, Инвестиционные услуги коммерческих банков и их продвижение на региональных финансовых рынках</p> <p>Альмуратов А.А., Калаганова Н.К. Проблемы развития железнодорожного транспорта РК (на примере АО «НК «Казакстан темір жолы» Зарубежный опыт модернизации социально- экономических систем</p> <p>ТЕХНИКА ФЫЛЫМДАРЫ - ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ</p> <p>Хамыт А.А., Шаханова А.Г. , Рысбеков Н.М. Табиги радиациялық фон адамға әсер ету көзі ретінде</p> <p>Казбеков Д.М., Казбекова Г.К., Курбалиев Т.Ш. , Жылқыбаева Г.Ж.. Об оптимизации применения природных компонентов для итенсификации процесса образования нефтепродуктов</p> <p>Жолдыбаев М.Е., Изтлеуова Г.К. Об оценках разности между решениями сингулярно возмущенных и невозмущенных краевых задач с начальным скачком для линейного интегро- дифференциального уравнения в частных производных второго порядка</p> <p>Жолдыбаев М.Е., Изтлеуова Г.К. Асимптотическое решение краевой задачи с начальным скачком для линейного сингулярно возмущенного интегро- дифференциального уравнения в частных производных второго порядка</p>	25 31 42 47 52 58

<p>Тяпухин А.П. (Россия) Терегулов Ф.Ш. (Россия) Кересев Я.М. (Казахстан) Махамбетова У.К. (Казахстан) Уразгалиева М.А. (Казахстан)</p> <p>Утемисова Г.У. (ответственный секретарь)</p> <p>Адрес редакции: г.Актобе ул.Бр.Жубановых д.302 «А» для писем: 030000 г. Актобе, а/я 64 e-mail: vestnik@ausb.kz тел.:8(7132) 974081,82</p> <p>Жарияланған макала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Макала мазмұнына авторлар жауап береді.</p> <p>Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения редакции.</p> <p>Авторы несут ответственность за выбор и представление фактов.</p> <p>Редакционная коллегия оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1-2003 СИБИД «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».</p> <p>Сдано в набор 15.06.2018 Подписано в печать 15.03.2020 г. Формат 21x29,7. Печ.л.8,4 Тираж 100 экз. Отпечатано в РИО Башев Университета</p>	<p><i>Сейлова Р.Д., Туреханов Ж.</i> Некоторые сведения из теории дифференциальных уравнений с импульсным воздействием</p> <p><i>Бекенов Э.М., Шангытбаева Г.А.</i> Мобилді косымшалардың білім берудегі ролі</p> <p><i>Шураханова К.Ш., Толыбаева А.</i> Развитие SMART-технологий</p> <p><i>Бекенов Э.М., Шангытбаева Г.А.</i> Жогары оку орнының оку процессінде мобилді технологияларды колдану</p> <p><i>Шураханова К.Ш.</i> Пути по применению интерактивных методов обучения в форме «Мультимедийные презентации в преподавании»</p> <p><i>Сундетова А.Р.</i> Электромагниттік толқындар, адам денсаулығына әсері және олардың медицинада колданылуы</p> <p><i>Калмаганбетов А.А., Тавanova Н.М.</i> Развитие современных цифровых технологий</p> <p><i>Балмаганбетова Ф.Т., Демеген А.</i> Формирование программы по математике для технических специальностей</p> <p><i>Даулбаев Б.С., Сундетова А.Р.</i> Физикадан есептер шығару әдісі</p> <p>ӨЛЕУМЕТТИК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҒЫЛЫМДАР – СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ НАУКИ <i>Орынбасарова К.Е., Кемалова У.Б., Мұхамбетқалиева К.Е.</i> Азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінің түсінігі мен мазмұны</p> <p><i>Отаралиева Г.Е.</i> Өлеуметтену пәнін интерактивті әдістер арқылы оқыту</p> <p><i>Сагиева Г.К.</i> ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің өзара іс-кимылдары</p> <p>ӨЛЕУМЕТТИК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР – СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ <i>Тілеуова А.З., Мақсат А. М.</i> Тарихи романдардагы ұлттық құндылықтар мәселесі</p> <p><i>Тілеуова А.З., Достанова А. М.</i> Қазақтың жыраулық жыршылық онери</p> <p><i>Аманжол А.Ә.</i> Дискурс терминінің анықталуы, ұлттық тілде берілуі</p> <p><i>Ниязова F.M., Өмірзақ М.Б.</i> Ахмет Байтұрсынов туындыларындағы «ОЯНУ» идеясы</p> <p><i>Минко Э.А.</i> Теоретическое обоснование БОС-метода в комплексной реабилитации пациентов, перенесших аортокоронарное шунтирование</p> <p><i>Алирова Г.</i> Русизмы в современном казахском языке (на материале личных документов)</p> <p><i>Мухашова А.У., Жалгасова Г.А.</i> Қытай тліндегі фонетикалық кірме сөздердің озіне тән ерекшеліктері</p>	<p>63</p> <p>69</p> <p>75</p> <p>80</p> <p>85</p> <p>92</p> <p>97</p> <p>102</p> <p>105</p> <p>110</p> <p>118</p> <p>123</p> <p>130</p> <p>136</p> <p>143</p> <p>149</p> <p>155</p> <p>160</p> <p>168</p>
--	--	---

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 06.77.02

Демеуов А.Ш.¹
¹Баишев Университеті

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ

Аннотация

Бұл мақалада қазақ халқының жас үрпақтарының еңбек тәрбиесі тәжірибелі баяндады

Кілт сөздер: еңбек тәрбие, педагогика, ұлттық ойындар.

Қазақстан жағдайында еңбек мал шаруашылығымен, егіншілікнен байланысты. Халық еңбекті адамға табиғаттың берген сыйы деп қарапоны дәріптеиді. «Еңбек түбі береке», «Еңбексіз өмір сөнген көмір», «Еңбегі қаттының -ембегі тәтті». Халықданалығы адам еңбегіменғана көрікті болатындығын ескертеді. Халық жалпыға еңбек тәрбиесін беруді қуаттап, жауапты жүйелі, ақылға қонымды қофамдық еңбекетуді ұсынды.

Түрлі тәрбие тәсілдері арқылы баланы 5-8 жастан бастап үй еңбегіне үйрету отбасынан басталған. Оның барысында ата-аналар оларды тек өзі үшінғана емес, халық игілігі үшін еңбек етуге, еңбекке құрметпен қарауға, еңбеуқ үдерісінің қуанышләzzатын сезініп, түсіне білуге үйретті. «Еңбек етпеген – ішіп-жемейді» деген қағиданы басшылыққа алған ата-аналар балаларының мамандық алуына «шеберболуына қамқорлық жасады, еңбекке тәрбиеледі.»

Балаларды ерте бастаңеңбек түрлеріне баулу, мысалы мал және ауыл шаруашылығына үйрету, алуан түрлі, қолданбалы өнер бұйымдарын жасауға тарту, балалардың жас ерекшеліктерін ой-өрісіне, іскерлігі мен дағдысына талапты қүшетту әрбір отбасының негізгі міндеттіне айналды. Ұлбала шаруашылық жайын құйттесе, қыздар үйшаруашылығымен айналысты. (үй ішін жинады, іні-сіңлілерін күтті, кесте тігіп, құраққұрады., т.б.)

Балалар үлкендерге көмектесежәне олардың өнегелі істерін шеберлік дағдыларын қабылдай отырып үнемі табиғат аясында жүрді. Оның әсемділігінен ләzzат алды. Құннің шығуы мен батуын бақылап құстардың көңілді әнін шегірткенің шырылын, малыштардың өткен-кеткен әңгімелер інестіп өсті. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі отбасы үйтқысынде түсіндірген.

Олар үйсипыру, төсек жинау, ас пісіру, шай қую, кесте тігу, өрмек тоқу, үйжығу, үй тігу киіз басу сияқты өнерге үйреткен. т.б. Қолөнеріне икемі жоқ қыздарды "Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде тон пішер" деп келеке еткен.

Еңбек тәрбиесінің негізгі саласы-баланы кәсіпке үйрету мал бағу, егін салу, сәулет өнеріне үйретухалық қастерлеп жоғары бағалаған ұсталық кәсіп зергерлік, тоқымашылық құсбегілік. Өмірде «Атадан бала туса игі» деп халықата дәстүрін жалғастыру ұрпақ парызы екенін ескертеңі.

Халықтың тәрбиесінде балалар мен жастаңды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуге арналған әндер де жеткілікті. Егер ата кәсіпті қадірлемеген болса, ондай ұрпақты халық ата жолын бұзған.

Демеуов А.Ш.¹
¹Баишев Университеті

ТРУДОВОЕ ВОСПИТАНИЕ В КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКЕ

Аннотация

В данной статье повествуется об опыте трудового воспитания подрастающего поколения казахского народа.

Ключевые слова: физкультура, педагогика, национальные игры.

Demeyev A.Sh.¹
¹ Baishev University

LABOR EDUCATION IN KAZAKH FOLK PEDAGOGY

Abstract

This article describes the experience of labor education of the Kazakh people's younger generation

Keywords: labor education, pedagogy, national games.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Құрсабаев М.Р. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселелері. – Алматы, 1993. – 110 б.
- 2 Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, РБК, 1993. – 162 б.
- 3 Пашаева Р.М. Некоторые вопросы трудового воспитания в этнопедагогике Дагестана. //Единство национального и интернационального воспитания (материалы конф. СОГУ им. К.Л. Хетагурова). – Орджоникидзе, 1971. – 178 с.
- 4 Бахтиярова Г.Р. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану, 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика, пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 122 б.

- 5 Кожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики, 13.00.01 – общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика, дис. ... докт.пед.н. – Алматы, 1998. – 310 с.
- 6 Мұқанова Б.Ж. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педколледждің оқу-тәрбие процесінде пайдалану, 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика, пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 123 б.
- 7 Дайрабаева А.Е. Нравственное воспитание девушек в казахской народной педагогике, 13.00.01 – общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика, автореф. дис. ... канд.пед.н. – Алматы, 1993. – 125с.

МРНТИ 06.61.33

Бактыголов А.И.¹
¹Башкентский Университет

ДРАМАТУРГИЯДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Аннотация

Мақалада ел ретінде дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен еңбек еткен хандарымыздың, би-шешендеріміздің, ақын-жырауларымыздың, батырларымыздың, ғұлама-ағартушыларымыздың, тарихи тұлғаларымыздың, еліміз дербес мемлекетке айналған соң, бұрын айтуға, жазып-жариялауға жабық болып келген көптеген тарихи құбылыстардың, ұлттың мақтанышы болған ұлы қайраткерлер өмірі мен қызметінің драмалық шығармаларға арқау болғандығы туралы айтылады және драма жанрында қалам тербеген қарымды жазушылардың еңбектері қарастырылады.

Кітт сөздер: драматургия, жанр, драматургтер, әдебиеттану, өнертану, тарихи тұлғалар, сахна, пьесалар, шығармалар, хандар бейнесі, тарихи тұлғалар.

Егер әлем драматургиясы сан ғасырмен есептелетін ұлан-ғайыр жолдан өтсе, қазақ драматургиясының тарихы, міне, ғасырға енді ғана жетіп жатыр. Әрине, мұны қазақ сөз өнерінде драматургияның XX ғасырдың басында қалыптасуымен байланыстырып айтып отырмыз. Дегенмен белгілі ғалым, академик Рымғали Нұрғали өзінің «Драма өнері» атты кітабында былайша ой түйеді: «Қазір қазақ драматургиясы жалпы драмаға тән қасиет-сапарларға жанрлық структуралар мен формаларға түгел ие. Аз уақыттың ішінде қалыптасқан, тарамдалған жанрлық жүйе ұлттымыздың жаңа мәдениетімен, әдебиетімен бірге есіп, жетіліп отырды. Әдебиеттің ерекше бір түрі - драматургия театрды нысана етеді, сахнаға қойылу үшін жазылады. Танымдық,

тәрбиелік мәні бар, идеялық-эстетикалық өсері орасан күшті өнер - драматургия тоғысы, характерлер қақтығысы, сезімдер шайқасын көрсетіп, аса қатал композиция талаптарын ескере отырып, ерекше көркемдік құрал - диалоггар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады» [1].

Бүтінгі таңда жанр проблемасына әдебиеттану, өнертануда ерекше көніл бөлініп отыр: бұл салада көптеген зерттеу еңбектер жарияланды.

Әрине, жағарыда айтқанымыздай, тәуелсіздікке дейін де төл драматургиямыз жайында аз сөз болмаған. Аталған жанр жөнінде Қ.Мұхамеджановтың екі томдық «Пьесалар», «Өнер жайлы ойлар», С.Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очерктері», Ә.Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», Р.Нұрғалиевтың «Күретамыр» секілді т.б. көптеген авторлардың салиқалы еңбектерінде сол кезгі заман лебімен дүниеге келген шығармалар біршама байыпты сарапталады. Яғни, мұндай еңбектердің дүниеге келуі руханият қауымы ой-қиялышының өсіп-жетілуіне, театрлар репертуарының кеңеңе түсуіне үлкен үлес қосты.

Тәуелсіздік кезеңі тарихи тақырыптарға тыңдан жол ашқаны мәлім. Бұл кезеңде әдебиеттің барша жанрында тарихи тақырыптардың белсенді көтерілуі анық байқалды. Бұл драма жанрына да тән болды.

Көркем прозасымен қазақ әдебиетінің қорын байытқан Шерхан Мұртаза драматургия жанрының да дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ театр сахнасының тұрақты туындысына айналған «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Есек саудасы», «Домалақ ана» пьесалары драматургтің суреткерлік шеберлігін тағы бір қырынан танытты. Өзінің сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловты сахнаға әкеліп, тартысты заманың шындығын тереңдей таныту драматургтің жеткен жаңаша жетістігі еді. Голощекин саясатының қазақ даласына апattай тиген зорлық-зомбылығын Сталинге хат түрінде жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүргегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақтығысына құрылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. «Сталинге хат» екі бөлімді тарихи диалогі Тұрар Рысқұловтың халықты аштық тырнағынан құтқару жолындағы қайраткерлігіне арналады. Молшылық пен дарқандықтың мекені – қазақ даласының да күйі кеткендігі көрінеді. Рысқұлов пен Сталин арасындағы диалог тартысты жағдайда өтеді. Екеуінің де сөзі ұтқыр, бір-біріне сынай тіл қатқан, астарлы ойлар [2].

Әбіш Кекілбаев та драматургия жанрына үлкен үлес қосқан қаламгер. Әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тіліне аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелді. Тарихи-өмірбаяндық «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған кезде жазылды. Жазушының прозасында көтерілген ғасырлар бойғы халық аңсаған тәулісіздік, азаттық ұраны осы драмалық шығарма арқылы сахнаға шықты. Ә.Кекілбаевтің драмасындағы оқиға тізбектері ұлттық міnez

бен болмыс аясында өрбиді. Жалқаулық пен кертартпалық, аяқтан шалу сияқты қазақи мінездерді драматург кейіпкерлердің әрекеттері мен пиғылдары арқылы көрсеткен. Пьесада Абылайдың алғаш таққа отыруы, Абылай ханның саяси мұраттастары мен қарсыластарының бет-бейнесі айқындалады. Шығарманың астарында қазақтың іргелі ел болудағы ежелгі арманы жатыр. Абылай өз халқы үшін зор еңбек атқарды, үлгермей, тиянақтай алмай қалғандарын болашаққа аманаттады. Драмадағы тартыс осыны мензейді. Ә.Кекілбаевтің «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін мензейтін туындысы [3]. Әйгілі прозашының драматургия жанрын еркін игергеніне осы пьеса мысал бола алады.

Кез келген өнер туындысының мақсаты – өз кейіпкерлерінің болмысын, жан дүниесін ашып көрсете білу, сол арқылы адамдардың сезіміне әсер ету болса керек. Драма – адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, құрделі жанр. Қөптеген драмалық дастандардың басынан соңына дейін үзілмеген желі – қазақ халқының бостандық тілеген тілеуі, соның бойында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген елді жаудан қорғаудың сан жағдайы, сол ұрпақтар ішіндегі курес, сол замандағы ақиқат пен шындық. Жалпы жазушы-драматургтер С.Жұнісов, Ә.Кекілбаев, М.Байсеркенов және Р.Отарбаев заман шындығын, хан мен батырлардың айбарын, көрегенділіктері мен тапқырлықтарын көрсетіп сөйлете алған. Бұл шығармалар халық сүйсінетіндей, табынатындей көркем туынды болып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қомақты үлес әкелді деп айта аламыз.

Бүгінгі қазақ драматургиясында ұлттық тарихымыздың ақтандық болып келген тақырыптар, көркем шындықпен кестеленген кесек туындыларға айналып көшпілік назарына ұсынылып келеді. Бұл да болса тәуелсіздігіміздің бір жетістігі болса керек.

Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен-көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесары), би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке, т.б.), ақын-жырауларымыздың (Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, т.б.), батырларымыздың (Карасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым, Исатай, Жанқожа, т.б.), ғұлама-ағартушыларымыздың, қоғам қайраткерлерінің (Әбұнасыр әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов), т.б. ондаған тарихи тұлғаларымыздың сөз өнері туындыларындағы көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркенеді. Әсіресе, XX ғасырдың 80-жылдарының ортасынан басталған ұлт тарихының бұрын әдейі назарға алынбай келген тұстары асқақ рухты романтизм мен сыншыл реализм көркемдік әдістері тұрғысынан мол қамтыла жазыла бастады. Әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының барлық салаларында елеулі туындылар жазылып, оқырмандарға ұсынылды.

Бүгінде халық ықыласпен қабылдаған тың туындылар жазылып, республика театrlарында сахналанып келеді.

Сәкен Жұнісовтің "Кеменгерлер мен көлеңкелер" (Мұхтар Әуезов, Габит Мұсірепов, Сәбит Мұқанов бейнелеріне арналған), Әбіш Кекілбаевтың "Абылай хан", М. Байсеркеұлының "Абылайханның ақырғы күндері", "Кек қылышы Кенесары", Жолтай Әлмашұлының "Сана дерті", "Абақты-ғұмыр", "Фрустракция" (Нәзір Төреқұлов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин туралы) пьесалары – қазақ тарихының ақтандық беттерін көркем шындықпен өрнектеген туындылар.

Жолтай Әлмашұлының пьесаларындағы қазақ тарихының қайраткер тұлғаларының бейнеленуі – әдебиетіміздің өзекті тақырыпты игерудегі жаңашылдық. XX ғасырдың басындағы қазақ сөз өнеріндегі шығармашылықты мемлекеттік жауапты қызметтерімен сабактастыра еңбек еткен қайраткерлердің саяси құғын-сүргін жазалауларына ұшыраған – Ұлттық трагедиямыз. Табиғи қабілеттерін туған халқына, ұлтына қызмет етуге арнаған дарынды тұлғалардың жазықсыз жазаланғаны – қазақ ұлтын әлсіретуге, тарих сахнасынан біржолата жоюға арналған зұлым саясаттың жендептік ұстанымының нәтижелері.

Қазақстан Республикасы дербес мемлекетке айналған соң бұрын айтуға, жазып жариялауға жабық болып келген көптеген тарихи құбылыстар, ұлттың мақтанышы болған ұлы қайраткерлер өмірі мен қызметі драма шығармалар арқауына айнала бастады. ҮІсқақовтың "Жан қимақ", Оразбаевтың "Шыңғыс хан", "Естайдың қорланы", С.Сматаевтың "Той үстінде топалаң", Б.Әбілдаұлының "Төле би", О.Дастановтың "Әзірет Сұлтан", А.Бекбосыновтың "Соңғы сезім", Таразидің "Алатау сынды алабым", Шахимарденнің "Томирис" пьесаларында халқымыздың басынан кешкен сан құлы тағдыры тарихи дәлдікпен, ерекше көркемдік қуатпен бейнеленген. Ал Сүлейменов пен Мұқаевтың "Заманақыр", Р.Мұқанованың "Мәңгілік бала бейне" пьесалары экология тақырыбын, әлемге әйгілі болған Семей полигонының қазақ халқына әкелген трагедиясын суреттейді. Қазіргі қазақ драматургиясы туралы филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегеновтың мақаласында нақтырақ талдау жасалған.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің драматургия саласы бойынша мына шығармаларды атап өтуге болады: Ә.Кекілбаевтың "Абылай хан", Ә.Таразидің "Ақын, Періште. Махаббат", С.Жұнісовтің "Кеменгерлер мен көлеңкелер", М.Байсеркеновтің "Абылай ханның ақырғы күндері", Р.Отарбаевтың "Бейбарыс сұлтан", Шахмардан Құсайыновтың "Томирис", И.Оразбаевтың "Шыңғыс хан", Т.Нұрмамбетовтің "Бес бойдаққа бір той", Қ.ҮІсқақовтың "Қыл көпір", "Жан қимақ", Қ.ҮІсқақ пен Ә.Таразидің "Алатау сынды алабым", И.Сапарбайдың "Сыған серенадасы", С.Балғабаевтың "Тойдан қайтқан қазақтар", "Ғашықсыз ғасыр", "Ең әдемі келіншек", Ә.Ақпанбетұлының "Дүние-думан", Д.Амантайдың "Сәлеметсіз бе, қоңыр мұн", С.Сматаев пен Т.Теменовтің "Көгілдір такси", А.Жағанованың "Жан алқым", Н.Әбутәлиевтің "Өттің, дүние", А.Бекбосыновтың "Соңғы сезім", Д.Исабековтың "Актриса", "Тор", "Ескерткіш", Иран-Ғайыптың "Естайдың қорланы", Б.Мұқайдың "Сергелден болған серілер", "Өмірзая" т.б.[4]. Аталған драмалық шығармалар

– тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиеті қорына қосылған рухани қазына деп танылады.

Драмалық шыгарма – театрмен тығыз байланысты бола отырып, сол күші арқылы оқырманын, көрмернің ерекше әсерге бөлгейтін жанр. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ драматургиясының даму қарқыны мен жай-қүйі туралы жоғарыда айтылып кетті. Бұл ретте Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы Н.Оразалиннің: "Театр өнері арқылы Республикалықтың бүкіл әлем таныған ел дәрежесіне көтеріп, бүгінгі заманға сай өркендеуімізге толық мүмкіндік бар. Бұл іргелі міндеттің жүзеге асуына қаламгер-драматургтеріміз де өз үлестерін қосып келеді. Болашақта да қоса бермек. Қосуға тиіс. Өйткені, театр өнерінің қайнар көзі мен арқауы – ұлттық драматургия", – деген пікірін келтіру орынды болмақ. Қазақ қыздарының өр әрі еркін бейнесі – тек ауыз әдебиеті мен поэзия, прозаның ғана емес, драматургияның да өзекті тақырыбы. Қазақтың батыр қыздары дегендеге, әрқайсымыздың көз алдымызға бірден Элия мен Мәншүк келетіні белгілі. Негізінде, қазақ қыздарының батырлық жолы Томирис – Тұмар анамыздан бастау алатыны белгілі. Тәуелсіздік алған Қазақстанның драматургиясында тарихи бейнелер мол-мол суртеле бастаса, соның бір шырайын шыгарған туынды – Шахмардан Құсайыновтың "Томирис" драмасы. Бұл пьеса – Томирис анамыздың өмір сүрген б.э.д 503 жылдардағы ата-бабамыздың атамекенді қалай сүйгенін, қалай қорғағанын, қалай сақтағанын суреттеген биік парасатқа жетелейтін көркем туынды. Томирис туралы Геродот жазбаларынан жеткен мәлімет парсының елдерді бағындыруға бет алған Кир патшаның қан аңсаған басын қанға бөктіріп, «Іздеп келгенің қан болса, қанып іш!» деп, дүниені сақ қызының әлемді дүр сілкіндірген қайратты ерлігі арқылы қайталанбайтын бейнесін танытады. Томиристің осындағы ерлігі қазіргі қазақ қызының әрқайсысының бойынан табылатыны сөзсіз.

Қазақ үшін қыз – ұлттық нағылдықтың бір белгісі. Қыздың пәктігі, өрлігі мен батырлығы – ұлттың болашағының мықты болуының сенімді тірегі. Осындағы тәрбиелік маңызы зор шыгармалар уақыт ағымымен жазылу үстінде.

Корыта айтқанда, қазақ драматургиясы ұрпақтың санасына жаңашылдықпен ықпал етіп, Қазақ елінің дамуы мен өркендеуіне орасан зор септігін тигізіп келеді. Әлемдік классикалық шыгармалар қатарынан да табылуда. Сан түрлі тақырыптарды қапысыз қаузап, тереңнен сөз етіп, ескелең ұрпак, бүгінгі қоғам санасына әбден иінін қандыра зерделеп келеді. Мұны театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар айғақтайты. Осындағы драмалық шыгармалардағы хандарымыздың, бишешендеріміздің, ақын-жырауларымыздың, батырларымыздың, ғұлама-ағартушыларымыздың, тарихи тұлғаларымыздың өміршен ұлағатын көрермендер қашанда сезінетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғали Р. Драма өнері. Алматы: «Санат» баспасы, 2001. -480 бет.

- 2 Шерхан М. Төрт томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1994.-720 бет.
- 3 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Өлке» баспасы, 1999. -416 бет.
- 4 Сығай Ә. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ драматургиясы // Жүлдым. — 2007. — № 6. — 137 б.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 бет.

Бактыгулов А.И.¹

¹Баишев Университет

ОБЛИК ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В ДРАМАТУРГИИ

Аннотация

В данной статье говорится о становлении нашего суверенного государства, узнаваемости народа, сохранность честной наших ханов , биев, акынов-импровизаторов, батыров, просветителей, исторических личностей. Также рассматриваются труды многих писателей драматургов ,которые освещали в своих произведениях темы,исторические явления,ранее запретные и лишь с приобретением независимости нашего государства стало возможным писать о жизни и деятельности многих великих личностей,ставших гордостью нашей нации.

Ключевые слова: драматургия, жанр, драматурги, литературоведение, искусствоведение, исторические личности, сцена, пьесы, произведение, облик ханов.

Baktygulov A.I.¹
¹Baishev University

THE IMAGE OF HISTORICAL PERSONS IN DRAMATURGY

Abstract

This article about our khans, speakers, akyns-zhyrau, heroes, great-educators, historical figures, who worked hard for our formation as a country as an independent state structure and for our nationhood and preservation,many historical events, the pride of the nation, the life and work of great figures .The drama genre will feature the works of talented writers.

Keywords: playwright, genre, playwrights, literary criticism, art criticism, historical figures, stage, plays, works, khans image, historical figures.

Ж.ТІЛЕПБЕРГЕНОВ ДРАМАЛАРЫ: ЖАНР ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ИДЕЯЛЫҚ МАЗМУНЫ

Аннотация

Бұл мақалада XX ғасыр басындағы драма жанрының қалыптасу, даму тарихы, сондай-ақ қазақ драматургиясы саласындағы алғаш әрі үлгілі туындыларымен ерекшеленген Жиенғали Тілепбергеновтің драмалары сөз болып, тақырыптық, идеялық-мазмұндық ерекшелігі сөз болады.

Кілт сөздер: драма, жанр, пьеса, XX ғасыр, образ, драматург, идея.

XX ғасырдың жиырмасыншы-отзынышы жылдарында қазақ әдебиеті мен ұлттық журналистикада көрнекті із қалдырған қарымды қалам иесі, Ақтөбе өнірінен шыққан профессиоnal қаламгерлердің ақсақалы, кәсіби әдебиетіміздің бастаудында тұрған ағартушы-ұстаз, жазушы, дарынды драмашы, қаламы жүрдек журналист Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов еді. Ел бағына туған азаматтарымыздың өмір тарихын, шығармашылық еңбегін, артында қалған мұрасын игермей ақтандақтарымыздың азауы, тарихымыздың түгенделуі мүмкін емес. 37-нің қанды қырғынына ілікпесе де, қызыл кеңестің саясат құрығынан аман қалмай, қолдан жасалған аштық пен аурудың кеселінен қалам қуатын толық танытып ұлгермей өмірден ерте кеткен талантты жазушының шығармашылығы көп жылдар аймақтық әдебиеттануда ақтандақ болып келген еді. Заманында Ілияс, Бейімбет, Сәкендермен бірдей әдебиет ісіне араласса да, жазылған мұралары мерзімді баспасөз беттерінде араб, латын әріптерімен басылған күйі бүгінгі оқырманға танылмай жатып қалып, кейінгі кезеңде ғана әдеби-ғылыми айналымға түскен-ді. Жиенғали мұрасын жинап, жариялау, насиҳаттауда әдебиетші ғалымдардың ішінде жиенғалитандың көшбасшысы Т.Кәкішевше айтсақ: «Көркем әдебиетті тек ұлы ақын-жазушылар жасамайды. Оның үлкенді-кішілі, ірілі-уақты өкілдері болады. Әдебиет тарихы әр кезеңде әдебиетке ат салысқан, оған өзінше аз да болса үлес қосқан ақын-жазушысын ұмытпайды, ұмытуға тиісті де емес!» /1.77/. Жазушы әрі журналист Жиенғали Тілепбергенов ұмытылмаса да, оның есімінің көмескіленуіне, елеусіз қалуына түрлі себептер болды. Ең бірінші жазушы шығармаларының жалпы жүртшылықта танымал емес араб, латын әліпбіймен жарияланған күйі бүгінгі оқырманның таным таразысынан тысқары қалып келгендей. Сол сияқты жазушының алмағайып кезеңде, өмірден ерте кетіп талант қуатын толық танытып үлгермеуі, ең бастысы, шығармалары өзі өмір сүрген дәуірдің көркемдік дамуы дәрежесі тұрғысынан емес, қазіргі кәсіби әдебиет дәрежесі тұрғысынан бағаланып, өз кезеңінде құнды делінген еңбектеріне қайта өмір берілмейуі еді.

Қазақ әдебиетінің тамыры терең театрмен сабактас саналатын жанрының бірі драматургия саласы екені баршаға аян. Ол сонымен бірге, театр өмірінің шешуші құралы іспеттес. Драматургия тартымды тартысты болса сахналанған көрініс те көрермен тарапынан жақсы бағаға ие болары сөзсіз. Драматургия саласының әдебиеттің басқа жанрларынан артық ерекшелігіне тоқталсақ: ол адамның жан дүниесіндегі асқақ сезімдер мен жалынды сан-салалы арпалыстарын психологиялық сипатта көрініс тауып, кісінің жан-жарасын көрерменге табиғи түрде бере білу, өмірдегі мәселелерді айқын да шынайы бейнелеп жеткізу болып табылады. Яғни драмалық шығармалар екі бағытта өрбиді. Алғашқысы көркем әдебиет қалпындағы нұсқасы болса, кейінгісі оның сахналық түрғыда көрініс табуы. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайды. Себебі, драма сахна үшін де көркем шығарма үшін де аса рухани құнды жанр болып табылады. «Театрдың жаны – драма» деп Гоголь айтқандай, драмалық шығармасыз сахналық өнердің тузы мүмкін емес. Әдебиетте құн санап дамып келе жатқан драмалық шығармалар қоғамда өз бағасын алуда.

Жиенғали Тілепбергенов - қазақ драматургиясында айшықты із қалдырған, қазақ театрының қара шаңырағы – Қазақ Ұлттық театрында алғашқылардың бірі болып пьесалары сахналанған қаламгер. «Перизат – Рамазан», «Тілші» пьесалары – 1928 жылы Қазақстанның астанасы Қызылордада араб әліпбиімен жарық көріп, сиясы кеппей сахнаға қойылған туындылар.

Көзі тірісінде «Тілші», «Перизат-Рамазан» пьесалары араб әліпбиімен Қызылорда қаласында жеке кітапша болып жарық көрген. Абзалы Жиенғали драматургияға дайындықсыз келмеген. Ұстаздық, журналистік қызметін жалғастыра жүріп, ел арасында сахналық шығармалардың көптеп қойылуына, оған жастардың белсененді түрде қатысуына ықпал еткен. Сондай-ақ 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған бір фельетонның ізімен Жиенғали мен Құдайберген «Кек» деген пьеса жазып, жұртшылыққа көрсеткендігі, әйелдер рөлін жігіттердің өздерінің атқаруына тұра келгендей, байдың бәйбішесінің рөлін сахнада Жиенғалидың өзі ойнағандығы белгілі болды. Жиенғали қаламының ұшынан «Перизат - Рамазан», «Тілші», «Күнжан – кедей қызы», «Еңбек ата», «Сүйіскендер», «Ораза» сынды пьесалар тұған. Бұл Жиенғали пьесаларының саусақпен санарлық аты сақталғаны ғана. Автордың баспаға ұсынып ұлгермеген еңбектерінің көбі өзі өлгеннен кейін ұқыпсыздықпен жоғалған. Темірде шығып тұрған «Социалды майдан» газетінің 1933 жылы 19 сәуірде шыққан Жиенғали Тілепбергенұлының қайтыс болуына арналған санындағы азасөзде: «Жиенғали әдеби шығармаға шебер еді. 1921 жылы «Қүрән тәбел бие» деген екі шымылдықты кітабын жазып, «Тік бақайларға бағыштадым» депті. Мұнда елдегі атқамінерлер, байлардың еңбекшілерге істейтін содырлығын, өктемдігін айқын көрсетеді. «Тендік» – бұрын-сонды кездегі байлар тұрмысынан алынған 3 шымылдықты ойын кітабы. 1928 жылы жазылған (басылмаған) «Күнжан – кедей қызы» деген пьеса, «Қара бала», «Еңбек ата» деген екі ойын кітабын балалар үшін арнап жазыпты, бұлар басуға

берілмеген. Тағы «Үш мұнды» деген роман жазып, аурулықтан аяқтай алмады», – деп жазады. Көзі тірісінде 1928 жылы басылып шыққан «Перизат–Рамазан»,

«Тілші» пьесалары ғана араб әліпбіймен басылған қүйі ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар қорында сақталған. Аталған туындылар араб әліпбійнен кирилшеге түсіріліп, «Ораза» атты пьесасы қолжазба түрінде Нұраш Жиенғалиевтің жеке архивінен алынып, оны да кирилшелеп 1997 жылы «Таңбалылар» жинағына тұнғыш рет енгіздік. «20 жылдардың орта шенінде «Күнжан – кедей қызы» деген пьеса жазып, республикалық бәйгеге тапсырған, бірақ оның жарық көрген – көрмегені белгісіз /2,65/. Біздіңше, жазушының 1930 жылы жарияланған «Жауапсыз хат» әңгімесі осы пьесаның негізінде жазылған сияқты. Сол сияқты жарияланбай қалған «Тендік» атты пьесасы бар». Профессор Б.Кенжебаев: «Оның (Жиенғали Тілепбергенұлының) «Тілші» (1925), «Перизат – Рамазан», «Жалшы», «Еңбек» (соңғы екеуі қолжазба қүйінде қалған) пьесалары бар. «Тілші» пьесасы қазақ халқының революция қарсаңдағы түрмисынан алынып жазылған. Олар кезінде қазақтың академиялық драма театрында қойылып жүрді» /3.55/, – дейді.

Халық арасында кең тараған «Сегіз бен Мақпал» атты дастан бойынша Жиенғали мен Құдайбергеннің бірлесе жазған өлең пьесаларының Ақтөбедегі совет – партия мектебінің, педтехникум оқушылары құшіменен қала жүртшылығына көрсетілгендейдін I.Кеңесбаев айтады. Ал автордың «Сүйіскендер» пьесасының негізгі желісі анық, бірақ мәтіні сақталмаған. Пьеса мәтіні әлі күнге дейін табылмай отыр. Кезінде қолжазба қүйінде сахналануы да мүмкін. Баспа бетінде «Сүйіскендер» пьесасы жөнінде сын-пікірлер де мол айтылған. «Совет өкіметінің әйелдерге бостандық беріп, сүйгеніне қосылуға көмектесуін Ж. Тілепбергенұлының «Сүйіскендерінен» де көруге болады. Бұл спектакльдің негізі болған шығармалар драматургиялық сапасы жағынан ешқандай сын көтермейді. Бұлардың ұстаған ойы, көздеген мақсаты – Октябрь революциясы әкелген ұлы женіс нәтижесін үгіттеу. Театр репертуарындағы жақсы нышан, тың идеялық бағыт» /4.128/. Бұл сында пьесаның жетістігі мен кемшілігі қатар айтылып, орынды пікір, байыпты баға беріледі.

Жиенғали Тілепбергенұлының «Ораза» атты пьесасы қолжазба қүйінде сақталған. Төте жазу. Жазық жолды жалпы дәптерді қөлденеңнен екіге бөліп, қойын кітапша тәрізді етіп қиған. Кеңес тұсындағы дінге қарсы үтіті жеңіл әзілмен береді. Бұл пьесада жарамазан айтушылар, ораза тұсындағы ауыл адамдарының міnez -машығы, қазақы психология, қазақ ауылының оқуға деген ынталасы аса бір ауқымды тартыссыз күлкі тудырар көріністер арқылы беріледі. Алғашқы драмалық туындылардың діттеген талап түрғысынан табыла бермегені де рас. Әйтсе де алғашқы пьесалардың үгіттік үлгісі, насиҳаттық нысанасы, талғамы жетіле қоймаған көрермендер үшін таптырмас өнер туындысы болғандығын айтудымыз керек.

Жиенғали Тілепбергенұлының баспа бетін көрген екі пьесасы бар. Бірі – «Перизат – Рамазан» пьесасы. 1997 жылы Ақтөбе қаласы типографиясынан басылып шыққан «Таңбалылар» атты жинағына жазушының аталған үш

мұрасы да еніп, көпшілікке танылуда. Дарынды драматургтың «Тілші» пьесасы 1928 жылы 25 наурызда Қызылжарда жазылып, сахналанған. Пьесада газет тілшісі ретінде Құлбастың Жабай байға қарсы батыл әрекеті, ел ішінде етек алған ұрлық, заңсыздықты әшкерелеуі, одан көрген жапасы тартыс үстінде берілген. I шымылдық, 16 көріністен тұрады. Бұл шымылдықтағы негізгі оқиға ұры аттандыруши, жырынды Жабай ақсақал, оның інісі – Қанай, ұры жігіттері Сәндібек, Лұқпан, Қасым, Әбіл, Қабылдардың іс – әрекетіне құрылған. Ішінде сұлу Мақпал – Жабайдың қызы да бар. Ұрының психологиясы – «өзіміздің еңбегімізben шашылған несібемізді теріп жейміз» алғашқы шымылдықтың негізгі идеясы. Тілі тәтті, өзі әккі ұры ұстаушы Жабайды мазалайтын бір нәрсе бар: Ол – түрі басқа жау – газет тілшісі Құлбас. Бұл – қазақ тұрмысына баспасөздің қандай маңызы болса, ел өмірінен хабар жазып отыратын тілшінің мәні одан кем емес. Тілші – баспасөз майданында жаңа заманың нағыз тілекtes, бейнетtes құрескери. Жиенғали пьесасының тақырыбы заман талабына лайық, дер кезінде көтерілгендігін айту дұрыс. Қазақ даласында ұры ұстап, малының басын молайтуды көздеген ұры аттандыруши «мықтылар» болғандығы жасырын емес. Оның машыққа айналғандығы соншалық, белгілі кәсібіне айналдырып алған. Оған қарсылық білдірушіні сойылдап, болмаса соғымдығын беріп, өзінің қанды ізін жасырып жүрген Жабайға ең қыны тілшімен құресу болды. Ол қастандығын да аямады, қорқытты, үркітті, үйін өртеді... Эйтсе де заман тілшінікі екен. Әділ сот алдында Жабайлар жеңіліп, әділет жолын көздеген Құлбастар жеңеді.

Құлбастың «Жегі ұрылар», «Ұрылардың түбегі – Жабай, Қанай» деген газетке берген хабарынан кейін, қорқытып, үркітп, газетке қайтадан ақтатып жаздырмақ болады. Эйте де Құлбастың оған көнетін түрі жоқ. Түбі үйін өртеп, өшін қайтарады. Эйтсе де Құлбас жалғыз емес, ауыл мұғалімі Абдолла, ауылдағы комсомол Жапабай оның пікірлестері, жаңа заман адамдары. Әлсіз де болса тілегі бір шағын топ, бірте-бірте күш алып, әділетсіздікке әлі келгенше кедергі болуға ұмтылады. Осы II шымылдықта автор газет тілшісі қандай болу керек деген идеясын Құлбастың қарекеті арқылы көрсетпек болған. III шымылдықта газет басқармасы, оның редакторы Қалық, газет қызметкерлері жұмыс тірлігін көрсетуге арналған. Газет шығарудың қындығы, жаңа заманға жол көрсетуші орталық ретінде баспасөз қызметін насиҳаттамақ болған автор редакцияның тынымсыз қызметін, қызу жұмыс, қылыш қарекетін іс үстінде көрсетуге тырысқан. Сол дәуірде халық үшін қызмет еткен шаруа газетін шығарудың, оған материал дайындаудың оңай болмағанын көрсеткісі келіп, редакция жұмысын сағыздай созып жіберген. Заманында мұндай көрініс халық үшін жаңалық, қызық болғанына дау жоқ. Автор сол рецензиясында «Тілші» пьесасының сюжетке қатысты елеулі кемшіліктерін санамалап көрсетеді. Соның ішінде пьеса «Тілші» деп аталғандықтан, «Құлбас басты герой болып, батыл қымыл көрсеткені дұрыс, ол жалғыз ұрыны ғана жазбай, ел ішіндегі ескілікті тап басып көрсетіп отырғаны дұрыс, оны тергеуге түсіріп, әділ сот

шешімін шығарып, әділеттілік орнағанын көрсетіп отырса» деген тәрізді пікірлері орынды. «Міне, осындай әрбір кейіпкерлердің сөздерінде, жүрістүрьесінда да жөндейтін жерлер бар. «Тілшінің» тақырыбы онды, жақсы болып шықса, қалаға да ойнауға қолайлы. Қайта басылғанда өндеп, дұрыстауы керек» /5.86-88/, – деп аяқтайды ойын сыншы. Ал оны Ж.Тілепбергенұлының қайта қолынан алып өндеуге өмірі жетпегені белгілі. «Тілші» пьесасының қозғаған тақырыбы өз дәуірінде идеялық мазмұнының тың, өмірдің өзекті мәселелерін қарағандығымен құнды. Сол кезеңнің көрермені құлышына қол соғып, бір жасап қалғандығы анық.

Автордың өзі қызмет еткен газет басқармасы тірлігін сүйсіне суреттегені көрініп-ақ тұр. Заманында өзекті тақырыптардың бірін қозғап, баспасөз майданын суреттейтін тақырыбы дара да күрделі, өзге авторлар қалам тартпаған идеясы тың бұл пьеса кезінде өз бағасын алып, ауызға іліккендердің бірінен саналады. Сондықтан да Жиенғали Тілепбергенұлының көзі тірісінде басылым қөрген бұл туындысы өз заманында да, қазір де тиісті бағасын алды. «Қазақ әдебиетінің тарихының» бірінші кітабы, II-і томында жерлесіміздің драмашылығына да орынды баға берілгенін байқаймыз. "Ж.Тілепбергенұлы драматургия саласында бірнеше пьесалар жазса да, жеке кітап болып басылып шыққаны және сахнада қойылғаны – «Перизат– Рамазан» мен «Тілші» пьесалары. Драматургиялық кейбір ақаулары барлығына қарамастан, бұл пьесалар сол дәуірде ауызға ілінген туындылар еді" /6.96/. Профессор Б.Кенжебаев жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында қазақ кеңес әдебиетінде драматургияның туып, едәуір дамығандығын айтады.

Жалпы алғанда, Жиенғали Тілепбергенұлы – қазақ әдебиетінің 20-жылдарында өнімді еңбек етіп, әр жанрда өзіне тән қолтаңбасын қалдырған жазушы. Бүгінгі саналы да, білімді ұрпақ оның шығармаларынан уақыт табын, көркемдік шеберлігін тани алады. Ж.Тілепбергенұлының шығармалары – бүгінгі ұрпақ үшін өткен дәуір шындығын, халқымыздың көркем тарихын, тыныс-тіршілігін көркемдік даму деңгейін танытатын құнды дүниелер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кәкішев Т. Дәуір суреттері. – Алматы: Жазушы, 1967. – 171 бет.
- 2 Ниязова F.M. Жиенғали Тілепбергеновтің шығармашылық ғұмыры. – Ақтөбе, 2002. – 127 бет.
- 3 Кенжебаев Б. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті. – Алматы: Қазмембас, 1961.
- 4 Қазақ театрының жанашыры. – Алматы: Ғылым, 1975.
- 5 Байтоғаев Б. «Тілші»// «Жаңа әдебиет» журналы, 1928. №3.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. Бірінші кітап. III том. – Алматы: Ғылым, 1967.

Сейтказина А.¹, Ниязова Ф.М.¹
¹Баишев университет

ДРАМЫ Ж. ТЛЕПБЕРГЕНОВА: ОРИГИНАЛЬНОСТЬ И ИДЕЙНОЕ СОДЕРЖАНИЕ ЖАНРА

Аннотация

В этой статье рассказывается история и становления жанра драмы в казахской литературе в начале XX века, особенно рассматривается драмы Жиенгали Тлепбергенова, а также обсуждается драматизация жанрового, идеологического и содержательного характера в пьесах автора.

Ключевые слова: *драма, жанр, пьеса, XX век, образ, драматург, идея.*

Seitkazina A.¹, Niyazova G.M.¹
¹Baishev University

ZH. TLEPBERGENOV's DRAMAS: ORIGINALITY AND IDEOLOGICAL CONTENT OF THE GENRE

Abstract

This article tells the history and formation of the drama genre in Kazakh literature at the beginning of the 20th century, especially the dramas of Zhiengali Tlepbergenov, and also discusses the dramatization of genre, ideological and substantial character in the plays of the author.

Key words: *drama, genre, play, twentieth century, image, playwright, idea.*

МРНТИ 17.09.91

Аблаева З.Р.¹, Ниязова Ф.М.¹
¹Баишев университет

САФИ ЖИЕНБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ

Аннотация

Бұл мақалада лирик ақын Сафи Жиенбаев поэзиясындағы туған жер тақырыбы, ақынның ішкі монологы, ақындық «мені», лирикалық қаһарманы сөз болып, өлеңдеріндегі сыршылдық белгілер талданып, туған жер тақырыбын ашудағы суреткердің шеберлігі талқыланады.

Кілт сөздер: *акын, поэзия, туған жер тақырыбы, лирика, стиль, өлең.*

Сафи Жиенбаев өзінің әдеби шығармашылық жолында лириканың барлық

түріне дерлік қалам тербеген. Ақынның тек махабbat лирикасының өзі алуан тақырыпта сан-сала табиғат, адамзат, адалдық пен зұлымдық, қайғы мен қуаныш, соғыс пен бейбітшілік, елдік пен бірлік, адамгершілік, әдептілік мәселелері кең толғанады.

Ақын қай тақырыпты жырламасын, нендей мәселені сөз қылмасын соның берінің негізінде жүртшылыққа ортақ шындық бар.

Ақын Қуандық Шанғытбаев осы турасында былай деген екен: «Сағи лирикасының ұтымдылығы – ондағы шындық пен шеберліктің шынайы ұштасуында, үн мен ұғымның сұлу үйлесімінде» [1, 5-б.].

Жалпы, туған дала – бір немесе бірнеше ақынның емес, поэзиямыздың барлық буыны өкілдерінің шығармаларына өзек болатын ақындық айдыны. Осы турасында өз еңбектерінде Б.Кәрібозұлы былай дейді: «Дала бейнесі емес,

толайым табиғатын тұтас, жаратылысын жан-жақты көрсете алады. Дала – кеңдік – кеңістік ұғымдары қазақтың ойлау жүйесі, дүниетанымы яки фәлсафысының да негізі сипаты» [2, 26-б.].

Сағи Жиенбаев осы символдық бейнені өз өлеңдерінде шебер суреттей біледі. Мысалы, «Менің далам» атты өлеңінде ақын туған даласының мінезін болмысын көрсеткендей және сол даламен бірге мұнайғандай болады:

Бір кезде менің даламның
Болмады дейді ырысы.
Дәнгे де сорлы бабамның
Толмады дейді уысы.
...Күн ұзын шаршап деміге,
Кешкісін әнді доғарып,
Даламның долы желі де
Үйықтайды дәнгे оранып [3, 114-115 бб.].

Қазақ поэзиясында теңіз тереңдік символы күйінде жырланып келеді. Теңіз бейнесі С.Жиенбаевтың да сырға толы жырларында көп кездеседі. Ақын мына бір өлеңінде теңізben бірге тебіренгендей болады:

Теңселіп жүрген сабылып,
Теңізде болдым неше күн.
Үстімде толқын жамылып.
Астыма толқын төседім.
Бұл болып бір кез түйіліп,
Бұрқанды бір күш денемде [3, 110-б.].

Сағи сазы – бұл қазақ лирикасындағы айрықша нұрлы, сырлы саз. Ол дпудыс, ол саз уақыт озған сайын қоғам, ұрпақтар толқыны жаңарған сайын қалың қоғамға жаңа сәнмен жаңара береді. Уақыт рухы, адамның азаматтық тебіренісі Сағи жырларында айқын сезіледі. Сағи Жиенбаев өлеңдеріндегі азаматтық ұнді, шынайы азаматтық патриотизм өуенін, ұлттық мінезді бірден тануға болады. Әлі де талай көзі ашық, көкірегі ояу келешек ұрпақ сыршыл жүректі ақынның інжу-маржанға толы өлеңдерін оқып, туған жеріне шын берілген патриот, өз ұлтының беделін биікке көтеретін жарғын болашақ

өкілдері болады деген үлкен сенім, үміт бар.

С.Жиенбаевтың досы, қаламгер замандасты, ақын Faғу Қайырбеков былай дейді: «Егер нағыз ақындық сөзді алтынға тенесек, ... Сағи Жиенбаев – алтыны да өзінде, оны ұлгертертін шеберлігі де өзіндегі адам. ...Сағи тамаша талант болуымен қатар өте өнімді де жазып, көптеген кітаптары жарық қөрген, үлкен аумақты творчествосы бар, бір мақалада қасыруға келмейтін мол қазыналы ақын. Ә, - дегенде әдеби сында қалыптасқан пікір – Сағи Жиенбаев – қазақ лирикасының танымал шебері. Мұны ол туралы барлық мақала мойындал жазған. Бірақ әлі күнге дейін «лирик» деген бұл томаға-түйік сөзді ешкім толық түсіндіре аламай келеді.

Сағидың лирикасының үлкен кейіпкері – қазақтың құба даласы, оның ішінде өзі туған жер Ақтөбе. Үстірт, Жем өзенінің бойы. Өйткені ол ең күшті, ең әдемі жырлары қайран жадау, жетім, қызықсыз өткен балалық па, соғыстың ауыр жылдарына арналған. Ол жылдар, әрине, сол туған жерінде өткен. Әлі күнге дейін маған сол бәріміздің басымыздан өткен балалықты Сағидай жеріне жеткізіп жырлаған ақын аз секілді. Ол Жұмекенде де, Тұманбайда да тамаша жырланған, бірақ сол жетімдікке қсоа даланың да жемтігін, өсімдік, шөптің де, аң мен құстың да бала көзімен көрінге тұтас суретін Сағи ғана салады» [4, 4-б.].

Ұлы Отан соғысы тақырыбы қай кездегіден бері поэзиямыздың алтын діңгегі. Сол дәуірдің ауыртпалығын басынан кешірген аын соғысты көрмесе де түйсіне білген. Сондай шығармасының бірі «Әлия» поэмасы. Ақын жаңа заман батырының бейнесін жасауға тырысады. Ы Izғарлы жердің сүмдығын көріп, басынан кешіріп журсе де оның отты жүрегі еш мойымайды. Ол өзінің ағайынына, бауырына жазған хатында да олардың көнілін көтере сөйлеп, көнілін жұбататын қайсар қыз. Ауылдан шыққан қыздың жүрегінде үлкен арман, ізгі қасиеттер жатады. Ақын кейіпкерлерге осы ұлылықтарды жиып береді. Сюжеті жағынан шағын құрылған поэманның идеясы да елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік, махаббат, патриоттық сезім, ерлік пен қаһармандық. Әр жинақта табылатын Туған жер, Ана, Отан тақырыбы ақынның бүкіл шығармасын биік деңгейге көтеріп келген эстетикалық сезімді білдіреді.

Сағи Жиенбаев қазақтың байырғы даласында, Оймауыт деген онірінде дүниеге келген. Сол даласына жүрек түбінде жатқан інжу – маржанды әдемі жырларын арнайды.

Таныс маған даламның әр дыбысы,
Көл сыйбыры,
Жел шуы,
Тау күлкісі.
Сен сияқты-
Менің де бар бойымда
Шалғын иісі,

Гүл иісі, дәннің иісі [5, 11-б.] – дегендей, өлең өлкесінде өзіндік мінезі бар ақын осылай дейді. Осылайша туған жерімен сырласқан ақын жырларынан табиғат пен қасиетті де, қасіретті қазақ

даласының бала кезінен сақталған хош иісімен бірге, жаны жаз, көңілі шуақ, ақ пейілді адамдарға деген ыстық сезім лебі өседі.

Кейінірек ақын өзі:

Тұған далам жыр құйып тандайыма,

Жазыпты өлең менің де мандайыма.

Асыл атам, өзінен қалмайын деп,

Әлі келем жарысып, шалғайына! [5, 48-б.] – деп өлең

арнаған ақын атаның аулынан шығып, жыр елінің жасыл жайлауына тіккен туы бірден-ақ желбіреп көзге түсті.

Сол тұста поэзия әлемінде көрінген жас ақындарға көңіл аударған академик-жазушы М.Әуезов: «Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңдерін сүйсініп оқыдым, оларда толып жатқан образ, көп шындық, көпшілікке ортақ шындық бар. Бір түрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, окушыға бас игізетін, соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезініп кеткендей көрінетін шыншылдық бар, поэзияға керек осы шыншылдық» [6, 3-б.] - деген болатын. Заманымыздың

занғар жазушысының ақ батасындағы осы сөз Сағи Жиенбаевтың Ақындығына халықтың үміт-сенімін арттыра түскендей болды.

Беделді оқытушыларда жоғары педагогикалық бақылау, студенттерге құрмет көрсету, олардың белсенділігі мен зияткерлік қызметін ынталандыру, педагогикалық шешімдер қабылдаудағы икемділік пен бейімділік, студенттермен қарым-қатынас үрдісінен қанағаттанушылық байқалады.

Автордан тыс педагогтарда педагогикалық қарым-қатынастағы қатаң, авторитарлық әдістер, оқыту процесінде коммуникативтік стереотиптердің болуы, қарым-қатынастың монологиялығы, білім алушыларды олардың оқудағы табыстарына қарамастан құрметтей алмауы басым.

Оқытушы беделі негізделген жеке тұлғаның сапасы (артықшылық ретінде):

1. Пәннің кәсібілігі және терең білімі.
2. Өз ойын бейнелі және қолжетімді жеткізе білу.
3. Жоғарыжалпы мәдениетжәне эрудиция.
4. Реакция және ойлаужылдамдығы.
5. Өзкөзқарасынқорғау және қорғау қабілеті.
6. Мәнерлі (бейвербалды) құралдардың колданабілу.
7. Студент психологиясынтысінүқабілеті, оның артықшылықтары мен кемшіліктері.
8. Сұхбаттасқақатыстыұқыптылық. Тілекестік жәнеше дамдылық.
9. Әділдікпен үйлесімдегі қатаңдық.
10. Қызын жағдайларда психологиялық тұрақтылық және тапқырлық.
11. Ұқыпты көрініс.

Оқытуға қарсы болатын қасиеттерге жатады:

1. Тікаппарлық, бетіндегі қаттылық, Мейрімсіздірлік.
2. Озінжоғару қою.
3. Менторлық.
4. Ұялшақ.
5. Баяу реакция, консерватизм.
6. Студентті басуға ұмтылу.
7. Шашыраңқы, жалқаулық.
8. Артық эмоциялық, жарылғыш.
9. Педагогикалық шеберліктің болмауы.

Бұл қыындықтарды жеңуді үйрену керек. Басқаларды басқару өзін басқарудан басталады. Әр адам өзінің ерекшеліктері, қабілеттері туралы түсінікке ие болу керек, яғни өзін психологиялық портрет жасап, педагогикалық қарым-қатынасты үйрену керек.

Оқытушының студентпен өзара әрекет тесуі кезінде студенттердің белсенділігін арттыруға, олармен керібайланыс орнатуға, қойылған міндеттерді бірлесіп шешудегі достық атмосферасын құруға, ақпарат көзінің беделін арттыруға бағытталуы қажет.

Педагогикалық психология саласындағы зерттеулер педагогикалық қыындықтардың басым бөлігі оқытушылардың ғылыми және әдістемелік дайындығының жетіспеушілігімен ғана емес, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас саласының бұзылудымен байланысты екенін көрсетеді.

Оқытушы басшылығының стильдері:

- автократтық (басшылықтың өзіне тән стилі), оқытушы өз көзқарастары мен сыни ескертулерін айтуда мүмкіндік бермей, студенттер ұжымын жеке-дара басқаруды жүзеге асырғанда, педагог оқушыларға жүйелі

түрде талаптар қояды және олардың орындалуына қатаң бақылауды жүзеге асырады;

- басшылықтың авторитарлық (білік) стилі студенттерге оқу немесе ұжымды қөмір мәселелерін талқылауға қатысуға мүмкіндік береді, бірақ шешімді, сайып келгенде, оқытушы өз нұсқауларына сәйке сқабылдайды;
- демократиялық стиль оқытушының студенттердің пікірін ескеруін және көңіл аударуын болжайды, ол оларды түсінуге, бұйрамай-ақ сендеруге ұмтылады, тең дәрежеде диалогты қарым-қатынас жүргізеді;
- елемеу стилі оқытушы студенттердің өмір сүруіне барынша аз араласуға ұмтылады, оқу және әкімшілік ақпаратты беру міндеттерін ресми орындаумен шектеліп, оларды басқаруданіс жүзінде жойылады.;
- попустительский, конформный стиль Оқытушы студенттер тобының басшылығынан жойылған немесе олардың қалауы бойынша жүретін жағдайда көрінеді;
- соңғы емес, алогиялық стиль – оқытушы сыртқы жағдайларға және өзінің эмоционалдық жағдайына байланысты басшылықтың кезкелген стилін жүзеге асырады, бұл оқытушының студенттермен қарым-қатынасы жүйесінің дезорганизациясына және жағдайлық жағдайына, жанжалды жағдайлардың пайда болуына әкеледі.

Таңдалған стильтеге оқытушының студенттермен қарым-қатынасы ғана емес, студенттердің білім беру үрдісіне, білімге деген қатынасы байланысты.

Белгілі психолог В. А. Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынастың келесі стильдерін көрсетті:

1. Педагогтың жоғары кәсіби ұстанымдары негізінде қарым-қатынас жасау, оның жалпы педагогикалық қызметке қарым-қатынасы. Олар туралы: "оның артында балалар (студенттер) сөзбе-сөз беске барады!". Жоғары мектепте қарым-қатынасқа қызығушылық жалпы кәсіби қызығушылықтармен, өсіресе бейінді кафедраларда да ынталандырылады.
2. Достық орналасу негізінде қарым-қатынас. Ол жалпы іспен әуестенуді көздейді. Педагог тәлімгер, ағажолдас, бірлескен оқу қызметіне қатысушы рөлін атқарады. Дегенмен, үрейленуден аулақ болу керек. Өсіресе, бұл даулы жағдайға тап болғысы келмейтін жас педагогтарға қатысты.
3. Қарым-қатынас-қашықтық педагогикалық қарым-қатынастың ең кең тараған түрлеріне жатады. Бұл жағдайда өзара қарым-қатынаста үнемі барлық салаларда, окуда, беделге және кәсіп қойлыққа, өмірлік тәжірибесі мен жасына сілтеме жасай отырып тәрбиелеуде қашықтық байқалады. Осындай стиль "ұстаз – оқушылар" қарым-қатынасын қалыптастырады. Бірақ бұл оқушылар мұғалімді құрдастары ретінде қабылдауы керек дегенді білдірмейді.
4. Қарым қатынас-қорқыныш-оған келген оқытушының педагогикалық дәрменсіздігін ашатын қарым-қатынастың теріс нысаны.
5. Қарым-қатынас - ойын-танымалдық қаұмтылатын жас оқытушыларға тән. Мұндай қарым-қатынас тек жалған, арзан беделді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық практикада ең жиі стильдердің бірі басым болған кез келген пропорцияда үйлесуі байқалады.

Коммуникативті көз ара әрекеттесудің әртүрлі стильдері оқытушымен сабактарда қарым-қатынаста оқытушының мінез-құлқының бірнеше үлгілерін түдірады.

Шартты түрде оларды келесідей белгілеуге болады:

* Диктаторлық "Монблан" моделі – оқытушы оқытылған студенттерден шеттетілсе, ол білім патшалығында бола отырып, олардың үстінде қалады. Білім алушы студенттер-тыңдаушылардың саны ғана. Ешқандай тұлғалы қөз ара іс-қимыл. Педагогикалық функциялар ақпараттық хабарға біріктірілген.

Салдары: психологиялық қарым-қатынастың болмауы, демек, оқытын студенттердің шексіз және пассивтілігі.

* Байланыссыз Модель ("Қытай қабырғасы") – психологиялық мазмұны жағынан бірінші болып жақын. Айырмашылық-оқытушы мен білім алушылар арасында қарым-қатынастың ерікті немесе әдейі тұрғызылған кедергілеріне байланысты әлсіз кері байланыс бар. Мұндай тосқауыл рөлінде сабактың диалогтық сипаты емес, ақпараттық, қандай да бір тарараптан ынтымақтастық қаниет білдірудің болмауы; оқытушының өз мәртебесін өз деңгейінде көрсетпеуі, білім алушыларға деген көзқарасты төмендетуі болуы мүмкін.

Салдары: білім алушы студенттермен қарым-қатынас нашар, ал олардың тараапынан-оқытушыға немісіз қаралады.

Сараланған назар үлгісі ("Локатор") – білім алушылар мен сайлау қатынастарына негізделген. Оқытушы аудиторияның барлық құрамына емес, тек бір бөлігіне ғана дарын ды немесе көрініше, әлсіз, көшбасшыларға немесе аутсайдерлерге бағытталған. Қарым-қатынаста ол оларды ұжымның көніл-күйіне бағдарланатын өзіндік индикаторлар жағдайына қояды, оларға өз назарын аударады. Сабактардағы мұндай қарым-қатынас моделінің себептерінің бірі студенттерді оқытушың индивидуализациясын фронтальды амалмен үйлестіре алмау болып табылады.

Салдары: Оқытушы – студенттер ұжымы жүйесіндегі өзара әрекеттесу актісінің тұластығы бұзылады, ол жағдайлық байланыстардың фрагменттілігімен ауыстырылады.

* Гипорефлексті Модель ("Тетерев") – оқытушы қарым-қатынаста қалай түйікталғаны: оның сөзі көбінесе монолог сияқты. Сөйлегендегі, ол өзін ғана естиді және тыңдаушыларға ешқандай жауап бермейді. Оппоненттің диалогында репликаны қоюға тырысу пайдасыз, ол жай қабылданбайды. Тіпті бірлескенең бек қызметінде мұндай оқытушы өз идеяларымен жүткіп, айналасындағыларға эмоционалды керендік танытады.

Салдары: білім алушылар мен білім алушылар арасында өзара іс-қимыл жоқ, ал соңғысының айналасында психологиялық вакуум өрісі пайда болады. Қарым-қатынас үдерісінің жақтары бір-бірінен айтарлықтай оқшауланған, оқу-тәрбие өсері формальды түрде көрсетілген.

• Гиперрефлексті Модель ("Гамлет") – алдыңғы психологиялық канваға қарама-қарсы. Оқытушы өзара іс-қимылдың мазмұнды жағы емес, айналадағы адамдар қалай қабылдайтынына аландаулы. Тұлға аралық қарым-қатынас ол үшін басым

мәнге ие бола отырып, олар абсолютқа түрғызылады, ол өз дәлелдерінің пәрменділігіне, іс-әрекеттердің дұрыстығына үнемі күмән келтіреді, білім алушы студенттердің психологиялық ахуалының нюанстарына жіті көңіл бөледі, оларды өз есебінен қабылдай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Димухаметов Р. С. Біліктілікті арттыру педагогикасының ғылыми негіздерінжаңарту: фасилитацияпринципі: Моногр. - Алматы: ҚР БжFM, БЖҚБАРИ, педагогикалықОрталық. исслед. БЖКБАРИ, 2005. – 115 б.
- 2 Кан-Калик В. А. кәсіптік-педагогикалықарым-қатынаснегіздері. – Грозный, 2005. – 531с.
- 3 Козырев В. А., Шубин Н. Л. Ресейдіңжоғарыбілімі. – СПб,: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцен, 2005. – 364с.
- 4 Лукашевич в. В. Психология және педагогика. Жоғарықуорындарыныңстуденттерінеарналғаноқулық. – ЭЛИТ, 2004. – 351с.
- 5 Немов Р. С. Психология. – М.: БЛПМ, 1998. – Кн. 2. Білім Беру Психологиясы. – 608с.

Сагиева Г.К.¹,

¹Баишев Университет

**ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В ВУЗАХ
ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ И СТУДЕНТОВ**
Аннотация

Данная статья должна стать широким набором инструментов, обеспечивающих развитие компетенций системы образования высших учебных заведений по обучению специалистов. При этом одним из наиболее важных моментов является взаимодействие, формируемое между преподавателем и студентом: вступая в субъективные отношения и являясь их активным участником, студент начинает воспринимать реализуемые способы общения как норму, как свой собственный выбор.

Ключевые слова: *специалист, система образования, отношения, субъективность, активный, подход, норма, совокупность, связь.*

INTERACTION OF TEACHERS AND STUDENTS IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Abstract

This article should become a broad set of tools that ensure the development of the competence of the higher education system for training specialists. At the same time, one of the most important points is the interaction formed between the teacher and the student: entering into a subjective relationship and being an active participant in it, the student begins to perceive the implemented methods of communication as the norm, as his own choice.

Keywords: *specialist, education system, relationships, subjectivity, active, approach, norm, totality, relationship.*

**ӘЛЕУМЕТТИК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

МРНТИ 17.07.31

Тілеуова А.З.¹, Мақсат А. М.¹

¹Баишев университеті

**ТАРИХИ РОМАНДАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
МӘСЕЛЕСІ**

Аннотация

Мақалада тарихи романдарға арқау болған оқиғалар тәуелсіз ел түргысынан жаңа деректермен баяндалады. Тәуелсіздіктің жолында құрбан болған еліміздің ұлы тұлғаларының жанқиярлық ерлігі мен асқақ рухының Мәңгілік ел үшін үлгі, өнеге болатындығы сөз болады.

Кілт сөздер: *Тарихи роман, мәңгілік ел, ұлттық құндылық, рухани мұра, тәуелсіздік, ұлт тағдыры*

Бұгінгі таңда тарихшылар қазақ тарихын бірнеше ғасырға тереңдесе, әдебиеттанушылар әдеби мұраларды зерттеуде сан ғасырлық ұлттық құндылықтарымызды әлемге танытуда. Тарих пен әдебиет саласындағы жетістіктердің бірі тарихи шындыққа қол жеткізу болса, бұл жылдар тарихты қолдан жасауға болмайтындығын, тарихты ресми құжаттар арқылы ғана жасауға болатындығын көрсетті. Қазақ халқының «өтірік өрге баспайды» деген даналығы тарих беттеріндегі шындықтың бірінші кезекке қойылғандығын растаса керек. Қазақтың ұлттық құндылықтары осындай мақал-мәтелдерге негіз болған мәңгілік мұраттардан тұрады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылдың 25 тамызындағы Ринат Думанұлына берген «Ұлытау төріндегі сұхбатында»: «Мениң арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан Мәңгілік Ел деген идеяны ұсындым. Мәңгілік ел болу үшін бәрін жасап жатырмыз... Қазақстанның болашағы өте жарқын! Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бұдан да керемет елде өмір сүреді деп ойлаймын... Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Елдің жолы!» [1,4], – деген болатын.

Біздің тарихымыздағы әр заманда орын алған оқиғалар мен көрнекті тұлғалардың ел бірлігі мен жер тұтастығын сақтау үшін күресі, атқарған қызметтері, ерліктері ел жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа аныз, әңгіме, жыр, шежіре түрінде жетіп отырған. Ол кемеліне келген қазақ әдебиетінің

барлық жанрларының, әсіресе тарихи романдардың алтын арқауына айналды. Ел басына түскен ауыртпалықтардан ел басқарған еңсөлі ерлеріміз елді бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды біріктіріп, азаттық үшін күреске жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Мәңгілік ел- жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы. Мәңгілік ел сөзінің тарихи тамыры терең және үлкен мағыналы мәні бар. Мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары іспетті ұлттық идеясының негізгі мәні — қазақ халқының мәңгілік арман-аңсарлары мен мұрат-мақсатына, бай мәдени-рухани құндылықтарға бағытталып, қазақ халқының мұдделерін өзге де ұлттардың ұлттық мұдделерімен бір ортақ арнаға тоғыстыратын қазақтың ұлттық мемлекетінің ерекше саясаты. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабак ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз! Осы мұраттар ұлттық әдебиетіміздің барлық саласында, әсіресе қөлемді роман жанрында жарқын қөрініс тапқан.

Кеңес үкіметінің тұсындағы көркем әдебиетте тарихи романдар қомақты орын алды. И.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, С.Сматаев, т.б. қаламгерлер туындыларында тарихи оқигалар мен тарихи тұлғалардың көркем бейнесі жасалып, оқырман қауымның жүргегінен жол тапты. Жалпы тарихи тақырыптардың дені ұзаққа созылған қазақ-қалмақ соғысына арналып, сол қанды қырғыннан халқын аман алып шыққан ерлердің ерлік даңқы мен ел мен ерді, хан мен қараны бітістірген билердің елге сінірген еңбектері кеңінен дәріптелді. Себебі, ұзак уақыт бойына Жонғар қоңтажылары, Орта Азия әмірлері, Ресей патшалары тарапынан жасалған басқыншылық соғыстардан титықтап жоғалып кетпес үшін халықтың бір қолдың жұдырығындай жұмылуы керек болды. Бұл рулық- тайпалық құрылымда көшпелі өмір сүріп келген қазақ халқы үшін оңайға түспеді. Құрбандықтар да, кемшиліктер де болды. Десе де, жалпы ел мен билеушінің арман-мақсаты бір мұддеде тоғысқан тұстар басым болғандықтан, тегеурінді соғыстың қандайына да төтеп берді. Ресейге қарағанға дейінгі тарихтың фактілерін тірілтіп, маңызын өскелен ұрпаққа танытуда қаламгерлердің орны зор. Ол үшін олар өз заманынан көп уақыт бұрынғы тарихтың деректерін ақтарып қана қоймай, өткен заманың бейбіт тіршілігінің де тынысын сезініп, халықтың қастерлеген ізгі қасиеттері қандай еді деген мәселелерге де ден қойды. Елдің елдігі үлкені мен кішісінің қарым-қатынасы, көрші жұртпен араластығы бәрі-бәрі жазушы санасында сайрап тұрғандаған тарихи шығарма жанды шығармаға айналады. Елдің бәріне таныс тарихтың өзін жаңа қырынан таныту арқылы тағлым түю – асқан таланттыңған қолынан келер шеберлік.

Қазақтың тарихындағы ел бастаған ерлердің көксегені елді орнықтыратын жайлы мекен, тәуелсіздік құндылығын ұлықтайтын, ел-жұртты бейбіт өмір сүретін, адамгершілік пен бауырластықты ту етіп, татулықта ұйысып өмір сүретін мемлекеттің сақталып, мәңгілік өмір сүруі болды. Тарихи романдар тағлымы Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын жастарымызға бабаларымыз аңсап өткен осы тәуелсіздіктің туын жықпай, асқақ ұстаудың міндеттейді. Өйткені, қаламгерлер қаламынан шыққан туындыларда

бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсал-қадірлекені көркем сипатта, кең тыныста бедерленген. Сондықтан әрбір жас үрпақ өздерін сондай текті ұлттың үрпағы екендіктерін сезініп, осы «Тәуелсіздік», «Мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге тиісті. Бұл қазіргі кездегі жаһандану үдерісіндегі ақпараттар легінің жетегінде кетпей, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра алатын ұлттық иммунитетті қалыптастыру үшін де өз тарихын терең танытатын осындай көркем туындылардың маңызы зор. Өйткені қазіргі таңда жат пиғылды ағымдардың ықпалы көрініс тауып отырған қоғамда тарихи білім мен халықтың ертеден келе жатқан бай рухани құндылықтарының бағасын жастарға танытуудың түрлі жолдары жұмыс істеуі керек.

Тәуелсіздік тұсындағы тарихи романдар туралы сөз ету үшін алдымен XX ғасырдағы қазақ романдарын еске алғып отырғанымыз дұрыс. Жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдары Б.Майлин, И.Жансүгіров, М.Дәuletбаев бастаған үрдіс елуінші жылдары қазақ романының дәстүрлі жолын көрсетті. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық», Зейін Шашкиннің «Тоқаш Бокин», Габиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романдарында қазақ халқының XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі тұрмыс-тіршілігі мен хал-жағдайы сол тұстағы тарихи оқиғалар негізінде нанымдылықпен жан-жақты суреттелді.

Қазақ жазушыларының ұлт тарихына деңдеп көңіл қоя бастауы XX ғасырдың екінші жартысы, дәлірек айтсақ, елуінші жылдардың екінші жартысы. Сталин өмірден өткеннен кейін қаламгерлерге сөз бостандығы тиесінде бастады. Осы мүмкіндіктікі тиімді пайдаланған қазақ жазушылары қазақ халқының тарихы Ұлы Октябрь революциясынан басталмайтынына, олардың сан ғасырлық тарихы бар екендігіне көпшіліктің назарын аудара бастады. Осы мақсат аясында тыңдан түрлен салған I.Есенберлиннің «Көшпендейлер» трилогиясының ұлттық әдебиеттен алар орны ерекше. Трилогияның «Алмас қылыш» деп аталатын бірінші кітабында XV-XVI ғасырдың көркем суреттері жасалса, «Жанталаста» XVII-XVIII ғасырлардағы оқиғалардан хабардар боламыз. Ал, «Қаһар» деп аталатын үшінші кітапта XIX ғасырдағы Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басты себептеріне қаныға түсеміз. Аталған трилогияның алдымен үшінші кітабы жарық көргені белгілі. Жазушының ондағы мақсаты романның негізгі идеясы үшінші кітапта болғандықтан, алдымен сол кітаптан бастап жазу болған. Кенесарының азаттық, бостандық, тәуелсіздік жолындағы құресі бүгінгі тәуелсіздік алған қазақ халқының мақсат-мұдделерімен үндесіп жатыр.

Қазақ тарихи романдарының осы бағытта атқаратын міндеттері көп. Кеңестік дәуір тұсында жазылған I.Есенберлиннің «Көшпендейлер» трилогиясы араға қанша жыл салса да өз мәнін жойған жоқ. Сол романның негізінде көркем фильм түсірілді. Осының өзінен қазақ жазушыларының ұлттың көркем шежіресін жасау жолындағы ерен еңбегін байқауға негіз бар. XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап қазақ жазушылары өткен тарихымызға үңіліп, ата-бабаларымыз салған жолдың негізгі түйткілдерін шешу жолында бірнеше

тариhi романдаr жазды.

I.Есенберлиннің қазақ тарихын бес ғасырға терендегуі ақын-жазушыларға ой салды. Енді олар қазақ тарихының әр дәүірінің көркем суреттерін жасауға бет бүрді. Ә.Әлімжановтың «Жаушы», С.Сматаевтың «Елім-ай», Ә.Кекілбаевтың «Үркөр», «Елең-алаң», Ж.Тұрлыбайұлының «Райымбек» романдарының негізгі жетістігі – тәуелсіздік, азаттық жолындағы құрестің сан ғасырға созылғандығын шынайы суреттеуі. Жазушылар аталған романдарының бас кейіпкерлері өмірде болған тарихи тұлғалар болғандықтан олардың өмірлеріне қатысты азыз-әңгімелер, тарихи жырлармен бірге мұрағат деректері мен тарихи құжаттарды молынан пайдаланды.

I.Есенберлиннің «Қатерлі өткел», «Мұхиттан өткен қайық», С.Жұнісовтің «Жапандағы жалғыз үй», К.Қазыбаевтың «Сұрапыл», З.Шүкіровтің «Қыын түйін», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің қупиясы», Т.Әлпейісовтің «Жоңғардың соңғы қашқыны», Б.Мұқайдың «Өмірзая», Р.Тоқтаровтың «Бақытты құлдықтың ақыры», С.Досановтың «Жиырмасыншы ғасыр», М.Қожахметованың «Жантәсілім», Т.Рыскелдиевтің «Ұлы көш», Қ.Жиенбаевтың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», Ш.Құмарованың «Сезім патшалығы», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Т.Тілеухановтың «37 жылдың балалары», Н.Дәугаевтың «Құдірет пен қасірет», Ж.Шаштайұлының «Жаңғырық», С.Елубайдың «Ақбоз үй», Қ.Түменбаевтың «Берекет көрмеген бейбактар» тәрізді романдарында XX ғасыр басындағы тығырыққа тірелген қазақ халқының хал-жағдайы сол тұстағы тарихи оқиғалар негізінде ашила түсті. Бұл шығармаларға патша өкіметінің бірінші дүние жүзілік соғыстың қан майданының қара жұмысына қазақтан әскер алуы, Қазан төңкерісі, Кеңес өкіметінің орнауы, жана өкіметке бағынбаған қазақтардың елден үдерे көшуі, жаппай отырықшылдыққа көшіру салдарынан болған Ұлы жұт, отызыншы жылдардағы жаппай ашаршылық пен жаппай қудалау тәрізді бір ғасырдың басты-басты оқиғалары орталық кейіпкерлер төнірегінде көтеріліп, халық, ел, ұлт мәселесі көтерілді.

Жазушылар көркем шығармаларындағы ұлттық характерлер арқылы ұлттық құндылықтарға назар аударды. Сондықтан да біз тарихи романда мәңгілік ел идеясы көтерілді деп айта аламыз. Себебі бұл романдарың барлығы да ел мен жер, ауызбіршілік пен береке-бірлік мәселелерін арқау етті. Мәңгілік категориялар қатарынан орын алатын басты мәселелер тарихи романдарың негізгі өзегі болғандықтан, жазушылар өз шығармаларында қазақтың өткенін сөз ете отырып, олардың болашағына аланадады. Аталған шығармаларда жаһандануда жайын аузына түсіп кетпеудің алғы шарттары қарастырылды. Қазақ ұлтын сақтап қалудың негізі ұлттық құндылықтарымызда жатқаны да жазушылардың назарында болды.

Тарихи романдаға арқау болған оқиғалар арқылы оқырман қазақ даласын сыртқы жаудан қоршаған хандар, би-шешендер, батырларлардың өмір тынысымен жақынырақ таныса бастады. Жазушылар бас кейіпкерлердің ел мен жерді жаудан қорғау жолындағы ерлікке толы өмірі арқылы ел мен жер тағдырына қазақ жерін мекен еткен әрбір азаматтың жауапты екендігін түсіндірді. Мәселен, Әкім Таразидың «Мұстафа Шоқай», Жанат Ахмадидің

«Дүрбелен», «Шырғалан», Тұрынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», Софы Сматаевтың «Елім-ай», Хасен Әдібаевтың «Отырар ойраны», Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз», Ұзақбай Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», «Есенгелді би», Қалмұқан Исабайдың «Шоңби», К.Сегізбайдың «Беласқан», Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романдары қазақ әдебиетін жаңа оқигалармен, жаңа кейіпкерлермен толықтыра бастады. Қазақ тарихындағы Әйтеке, Қазыбек, Төле билердің қатары толығып, оқырман Есенгелді және Шоң бидің қазақ даласындағы әділ төрелігі арқасында көптеген мәселелердің сәтті шешілгендейгіне қуәгер болды.

Сөз қадірін түсінген қазақ қол бастау мен сөз бастаудың қын екендігін жақсы біледі. Ел басына күн туган шақта қол бастаған батырлар мен сөз бастаған шешендердің қазақ тарихынан үлкен орын алғатыны, олардың өмір жолын үлгі-өнеге тұтатыны да сондықтан болса керек. XVIII ғасырдағы Батыс Қазақстандағы тарихи оқигалар негіз болған Қ.Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең» романында «Сырым батыр» жырындағы, F.Мұсіреповтің «Болашаққа аманат» пьесасындағы бізге таныс батырдың бейнесі тарихи деректермен толығып, шешен, би, ойшыл, саясаткер, батыр Сырым Датұлының сом тұлғасы жасалды. Аталған романдар бүгінгі тәуелсіздігіміздің сан ғасырға созылған кескілескен шайқаспен келгендейгіне, көз алартқан жаулардан қазактың дархан даласын қорғау барысында қаншама хандар мен сұлтандардың, батырлар мен сардарлардың билер мен шешендердің жан алып, жан бергеніне көзімізді жеткізді. Тарихи романдардың негізгі жетістіктерінің бірі – бұған дейін бұратана, көшпелі атанған қазақ халқына деген біржакты қөзқарастың біржола өзгеруі. Атадан балаға мұра болып қалған бай ауыз әдебиеті үлгілеріне, тың тарихи мәліметтерге сүйенген жазушылар сан ғасырлар бойы қалыптасқан Ұлы дала өркениетін шынайы бейнелеуде жетістікке жетті.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасын тыңғылықты зерттеп жүрген әдебиеттанушы ғалым Г.Орда «Қазіргі қазақ романы» деген мақаласында тарихи романдар туралы: «Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз», З.Тілеужановтың «Қаракерей Қабанбай» романдарында XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихи оқигалар бас қолбасшы Қабанбай батыр төнірегіндегі қанды шайқастармен баяндалса, Ұ.Доспанбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» атты төрт кітаптан тұратын роман-эпопеясына Қаратай мен Іле, Сырдария, Шу, Қаратал өзендерінің бойында осыдан үш ғасыр бұрын өткен, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен сақталған қазақ-қалмақ қақтығыстары көркем бейнеленді. Жазушылар елі мен жерін сыртқы жаудан қорғаудағы батырлардың жанкешті ерлігі, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық құресі арқылы жауынгер қазақ халқының ерлік дәстүрлеріне жан бітіріп, романдардың негізгі лейтмотивіне (өзегіне) айналған адам, халық, ел, ұлт, мемлекет дербестігі туралы ұстанымдарын ұсынды» [2,34], – деген болатын.

Қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздігіне қол жеткізді.

Академик С.Қасқабасовтың пікірінше, «Тәуелсіздік» деген ұғым өте сыйымды, яғни оны бірнеше мәндеге қолдануға болады: жеке адамның тәуелсіздігі, бас бостандығы, ой мен сезім еркіндігі, отбасының, қауымның, рудың, тайпаның өз жері мен тіршілігінің еркін болуы, мемлекеттің, ұлттың тәуелсіздігі... Тәуелсіздіктің өзі – тарихи ұғым, оның түрі, мән-мағынасы әр кезеңде әр түрлі болуы мүмкін, яғни ол өзгермелі. Айталақ, ру-тайпалық қауымдағы тәуелсіздік пен мемлекет тұсындағы тәуелсіздік туралы ұғым әр басқа. Алғашқысының ауқымы да, маңызы да бір ғана тайпаның мұддесімен шектелсе, мемлекет тәуелсіздігі деген ұғым өте кең, күллі халықтың, Отанның азаттығымен тікелей байланысты, ол ұлттың тарихы. «Мәңгілік ел» дегеніміз - мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады»[3,47].

«Мәңгілік Ел» идеясы – қазақ ұлттының мақсат-мұддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың өзара татулығы мен бірлігін, бейбіт өмірін көксерген идея. Қорытындылай келе айтарымыз, табиғатынан бейбітшілік сүйгіш қазақ халқының мәңгілік ел болу идеясы көне түркілік идеялардан тамыр тартады. Мұның өзі бүгінгі таңда айтылып жүрген «Мәңгілік Ел» идеясымен үндесіп жатқаны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Думанұлы Р. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты // Егемен Қазақстан. – 25.08.2014.
- 2 Орда Г. Қазіргі қазақ романы // «Тәуелсіздік дәуірі – ұлттық құндылықтар дәуірі» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. – Алматы: «Құс Жолы», 2016. – 21-33 б.
- 3 Қасқабасов С. Тәуелсіздік және фольклор (Ұлттық фольклорда тәуелсіздік идеясының жырлануы). – Алматы, 2012. – 300б

Tleuova A.Z.¹, Maqsat A. M.¹

¹Башкентский университет

ПРОБЛЕМЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЦЕННОСТИ В ИСТОРИЧЕСКИХ РОМАНАХ

Аннотация

В статье раскрываются новые факты, служившие мотивом исторических романов независимого государства. Бесценный подвиг павших исторических личностей рассматривается как образец для Мангалик ел.

Ключевые слова: Исторический роман, мангалик ел, национальное достояние, духовное наследие, независимость, судьба нации.

Tleuova S. Z.¹, Maksat A.M.¹

¹Башкентский университет

PROBLEMS OF NATIONAL VALUE IN HISTORICAL NOVELS

Abstract

The article is about new facts which motivated in the history novels in independent state. The invaluable feat of fallen historical figures is seen as a model for Mangilik el.

Keywords: Historical novels, mangilik el, national domain, spiritual heritage, independent, the fate of the nation

МРНТИ 17.07.31

Тілеуова А.З.¹, Достанова А. М.¹

¹Баишев университеті

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫРАУЛЫҚ, ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕРІ

Аннотация

Мақалада эпикалық дәстүрге тән ортақ қасиеттерге ие жырау, жыршылық өнеріміздің өзіндік ерекшелігі, зерттелуі баяндалады. Қазақтың жыраулық, жыршылық өнерінің бастауының негізі – халқымыздың тарихымен, елдігімен, ерлерінің ерлігімен байланысты екендігі айтылады.

Кілт сөздер: Жыр, жырау, жыришылық дәстүр, жыр айтушылар, бақсылық, сәуегейлік, дәстүр ерекшелігі.

Ғасырлар бойы танды таңға қосып, талай ғажайып эпостық туындыларды тудыруышыларды, қалыптастырушыларды айтып таратушыларды халқымыз ұзан, бақсы, жырау, жыриши, хиссаши, термешілер деп атаған. Халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған тарихи, мәдени байлығының бірі – эпостық шығармалардың ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне, дүниежүзілік мәнге ие болуына осы эпос айтушылардың еңбегі зор екенін ешкім жоққа шығара алмас. Олай болса, аталған типтердің шығу тегін, әр кезде сөз өнері үшін атқарған қызметін нақтырақ білу, әр құбылыстың сырын ашу эпикалық шығармаларды зерттеу ісіне үлкен көмегін тигізетіні анық.

Тарих толқынында қазақ әдебиеті үшін жарқын белестерге толы бір кезең – XV-XVIII ғасыр әдебиеті. XIII-XIV ғасырда моңғол шапқыншылығы зырдаптарынан бас көтеріп, жаңа заман, жаңа өмірге бет бүрған халықтың жаңа шежіресі басталды. Алтын Орда құлап, ноғай, қазақ рулары дербестігін алғып бөлініп шығып, Ақ Орда халқының жеке мемлекет болып қалыптасса басталу тарихында да заман өз қызындығын кездестірді. Бірінші орынға елдікті, қазақ ұлтының біртұтастығын мақсат еткен қайырымды хандармен бірге, елді басып – жаншуға, өзге елдермен қазына үшін соғыстырып ел берекесін

кетіруге, халықты қалып тобыр деп қана түсінетін қатігез хандар да кездесті. Осы бір аға мен іні хандық үшін жауласып, әке мен бала билік үшін араздасып, аждаһанның аузындай хан тағы үшін бала әкесін, іні ағасын жүткізып жіберіп жатқан, хандар билігі жиі-жиі ауысып, ел басына біркелкі заман орнату қыынға соққан кезендерде ел қамы үшін, ұлт жаны үшін тарих төріне әдебиеттің құрметті өкілдері жыраулар келген еді. Монғол шапқыншылығының зардабы кезіндегі сопылық әдебиеттен кейін, XV ғасырдан бастап қазақ мәдениеті алға өрлең әдебиет, музика, ғылым саласы қайта жанданды. Осы бір кезде тарих тұғырында да, әдебиет әлемінде де елеулі орны бар жыраулар поэзиясы қалыптасты.

«Тіл бас жарады, бас жармаса тас жарады» деп сөз өнерін, тіл тағылымын ардақ тұтқан қазақ халқы сонау XV ғасырда да жырларды қадірлеген. Поэзиямен жаны егіз көшпендейлер бесіктен туғаннан бастап жыр әуеніне елітіп өсken. Соның әсері болуы керек жыр тарих сахнасында да талай хандарға, сұлтандарға, әмірлерге, өз ықпалын тигізіп, халықтың игілігіне айналғаны анық. Қазақтардың бүкіл өлеңдерінің түп негізі ретінде қазақтар өздері «өлең» және «жыр» деп айтатын екі түрлі өлең түрін қабылдауға болады.

XV ғасырдың біріншісі жартысында Жәнібек пен Керей хандардың қазақ хандығын құрып, қазақ деген елдің дербес өмір сүруіне байланысты осы кезенде қазақтың төл әдебиеті, әдеби тілі қалыптаса бастады. Сонау қазақ фольклорынан бастау алып ертегі-аңыздар, жұмбақ-жаңылтпаштар, эпостық жырлар сияқты халықтың, халық ауыз әдебиетінің еншісінде ғана емес, жеке авторлық шығармалар дүниеге келді. Мұндай жыр иелерін жырау деп, олардың жырларын толғап, халық арасында таратушылар жыршы деген атқа ие болып, әдебиетте жеке сипат ала бастады.

XV-XVII ғасырда жасалған әдебиет ел мұддесін, жұрт мақсатын алдыңғы орынға қойды. Бұл кезеңдегі жыраулар поэзиясы әдебиетте өзіндік түр тауып, ұлттық сипатта қалыптасты. Қазақ елінің ұлттық болмысын, ерекшелігін саралап көрсетіп, тарихын, салт-санасын, дәстүрін таңбалайтын келер үрпаққа тәрбиелік өредегі ұлы туындылар қалдырыды.

XVIII ғасырдың аяқ кезі XIX ғасырда поэзиясында «жырау» деген атақ өте сирек қолданылды. Бұрынғы ауыр сазды толғаулар айтар жыраулар орнына енді әзіл аралас жеңіл терме, шырқап салар әндер, өлеңдер, жүрекке назды әсер етер лирика түрлери (табиғат, махаббат), айтыстардың қыздырмасы болар небір шабытты жырларды төгіп жырлар ақындар поэзиясы пайда болды. Ақындар поэзиясы өзінің мазмұн маңызымен де, түп, стиль, бағыт ерекшеліктерімен де өзгешеленеді. Өмірдің барлық саласын тақырып етіп,

өлең өнері жаңа сатыдан көрінді.

Қазақ халқының XV-XVIII ғасырларда қалыптастырган жыраулар поэзиясы кейіннен дарынды ақындар өнеріне ұштасты. Жыраулар поэзиясы да фольклорлық сипатта болғанмен, авторы халық қана деп түсінетін ұғымнан алысырақ, анығырақ авторы белгілі бір тарихи тұлға болатын, қоғамдық-әлеуметтік маңызы зор көркем сөз туындылары дүниеге келді. Ол туындылар

әдеби өмірдің қалыптасу жолдарынан мәлімет беретін, тарихтың сырларын айқындастын құнды дүниелер болды. Әсіресе, ауыз әдебиеті оның ішінде эпостық жырлар сол кездері биік сатыға көтерілді. Бұл кезеңде қазақ әдебиетінің өзіндік әдеби стилі қалыптасып, қазақ халқының мәдениеті жанданады. XV-XVIII ғасыр халық басынан өзінің ауыр даму кезеңдерін өткергенмен, әдеби ілгерілеп, дами берді.

Фольклорлық шығармалардың, айтушы типтердің көне замандағы өкілдерін анықтаумен шүғылданған А.Формозов: «Әрбір құбылыстың шығу төркінін біліп алмайынша, оның ішкі мәнін түсіну мүмкін емес. Демек, өнер атаулының қоғам өмірінде атқаратын қызметін дұрыс түсіну үшін біз оның көне замандағы түрлерін мұқият тексеріп алуға міндеттіміз» [1,128] – деген пікірі де көніл аударарлық. Бұл пікірлер, әсіресе эпос айтушылар типтерінің терминдері, қызметтері туралы әлі күнге дейін тоқтамды бір пікірге келмей жүрген қазақ фольклористикасы үшін құнды. «Сонғы жылдары баспасөз бетінде ақын, жыршы, жырау, өлеңші термеші туралы әрқылы пікірлер айтылып келді. Шынында да, бұл терминдер туралы ұғымды бір ізге, бір жүйеге түсіретін, сөйтіп, бір пәтуаға келетін мезгіл жетті» [2,141], - деген М.Жолдасбековтың пікірі де негіз болады ғой дейміз.

Біздің ойымызша, эпикалық жыр айтушылар типтері туралы терминдердің бір ретке келмеуіне, олардың қызметтерінің дәл айқындалмауына негізгі себептің бірі – жоғарыда аталған типтердің біреуінің бойында бірнеше типке қатысты қасиетті табуға болатындығынан, ал бұл мәселені сез еткен зерттеушілеріміз әр өнерпаз бойынан бір ғана ерекшелікті көргісі келетіндігінен туған тәрізді. Атап айтсақ, ақын, жырауымыз жеке шығармашылық тұлға болуымен қатар эпикалық жыр айтушы-жыршы, толғау, терме орындаушы – термеші, кейде бұл қасиеттер керісінше көрінеді. Аталып отырған фольклорлық типтердің осы бір қасиеттерін Р.Бердібаев «Жыршылардың дені ерте кезде көп қырлы өнерпаздар болғаны да нағыз көніл аударалық проблема» [3,20], - деп, дәп басып айтқан. Бұл сан қырлылықтың екінші белгісі – синкреттігі. Яғни, өнер адамының – өлең шығарғыштығы (акындығы, жыраулығы, айтқыштығы), күйшілігі, әсем, жағымды дауысы болуы, (әншілігі), жырды мимикалық түрде жеткізе білуі (артистігі), жыр сазын шығара білуі (композиторлығы), жыр арасындағы қара сөздерді, не жыр алдында айтылатын тексті мәнерлі жеткзе білуі (шешендігі) сондай-ақ хисса жанрының дамуына байланысты білімді болуы. Бұл қасиеттерді (дәстүрді) менгермей, ғасырдан-ғасырға ауызша, есте сақтап телегей-теніз эпостық дүниелерді жеткізу мүмкін емес еді. Сондай-ақ, жырау, термеші типтері төңірегіндегі кейінгі жылдары баспасөз беттерінде әртүрлі пікірлердің тууына екінші бір себеп, кезінде белгілі бір қызмет атқарған фольклорлық типтердің атымен оған өнері сай келмейтін өнер иелерінің шыға бастауы. Мысалы, жыраудың индивидуалдық поэзия өкілі қызметі тұрмақ, кейінгі жыр айтушы қызметіне де жетпеген термешілердің жаппай жырау атала бастауы немесе әншілердің ән сазымен өлеңдер орынданап термеші

аталуы.

Жырау – қазақ әдебиетінің көрнекі өкілі. Ол–әдебиетте де, тарихта да маңызды орын алар тұлға. «Жырау - өз жанынан шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі жырау атаяу-«жыр» сөзінен туындаиды»[4,59]-деген түсінік жырауға «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде берілген. Өз жанынан суырып шығарып жырлайтын жыраулар XV ғасырда ғана тұа салған жоқ. Жырау тұлғасының тарихы тереңде. «Сәугейлік, батагөйшілдік, тұс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б. жайларға қарай болжам жасау, абыздың бір міндеттерін атқару – көне дәуір жырауларына тән қасиет»[4,60] - делінген жоғарыда аталған еңбекте. Иә, жыраулық мектептің тұп негізі абыздардан басталады. Ел ертеңі жайлы болжам жасап, данышпандығымен дараланып жүрген жыраулар хан сарайында отырып, алдағы болар қауіп-қатерді болжап отырды. Хандардың түсін жорып, халық арасындағы қарым-қатынастардың қалай бағыт алатынын болжап, оны жыр жолдарымен жеткізіп, абыздық дәстүрді әдебиетпен байланыстыра дамытты.

Иә, жыраулар өз заманындағы нағыз халық жанашырлары бола алды. Олар жыр шығарып, толғау айып, тек өнер иесі ғана болып қойған жоқ, жаутершілік заман болып, ел басына құн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасы болды. Сол қызметтерді атқара жүріп, ел қорғау, халықты азат ету мақсатын паш ететін сарбаздарын жігерлендіретін, патриотизмді насиҳаттап немесе хан, уәзірлерге пікір қосып, кемшіліктерін бетіне басып, қаймықпай ашық жеткізетін міне, осы жыраулар болды.

Олар жаңа әдеби салаларды қалыптастырушылар ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар болып табылады. Олар шығарған әдебиет үлгілері – негізінен заман, қоғам, өмір жайлы ойлы сырлы толғаулар, ақыл-өсіет түріндегі шешендік сөздер, мақал тақілетті тұспал-дидактикалық термелер сондай-ақ елді жеңіске бастаған батырлардың көзсіз ерлігін жырлаған. Ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар, қайғылы қазаға байланысты азалы сөз, естірту жоқтау немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы, я болмаса табан асты тапжылмастан сөз бастап, терең оймен жүртты үйітқан ақыл иелерін қошамет тұтар арнаулар болатын.

Халқымыздың эпикалық жыр айтушыларының тағы бір өкілі – жыраулар. Кезінде жырау сөзінің шығу төркіні жыр, жырламақ сөзімен байланысты екенін Н.Ильминский, Л.З.Будагов, Е.Исмаилов, Н.С.Смирнова және т.б. айтқан еді. Сондай-ақ В.Радлов еңбегінде де "йыр", "йырлыжы", "йырла", "жырау", "жыраушы" сөздері жыр айтушы деп түсіндіріледі. Ә.Қоңыратбаев жыраулар XV ғасырдан бастап сөз өнеріне

араласа бастады дей отырып, оның одан бұрын да ауыз әдебиеті тарихында белгілі рөл атқарғандығын жоққа шығармайды. Бұл пікірдің алғашқы сілемдерін XI ғасырда өмір сүрген М.Қашғаридің «Дивани лұғат-ат түрк» (Түркі сөздерінің жинағы) еңбегінен де табуға болады. Ол: «Ежелгі түркілер "иырагу" деп жыр шығаратын адамды айтқан», [5,54] - дейді. Ғылыми дерек, ғылыми, тарихи еңбектерді қарап отырып, жыраулардың да басқалар секілді

сан алуан қызмет атқарғанын көргө болады. Ол – жыр шығарушы, ақылгөй (акылшы), әскер басы, батыр, жыр айтушы. Егер өзінің даму сатысының кемелденген кезінде бақсыларда емшілік, сәуегейлік басым болса, жырауларда сөз өнеріне қатыстылық (шығару, айтуда), ақылшы, кеңесші болу басым болып келген.

Мұнда тағы айта кететін мәселе жыраулар біздің даму тарихымызда сөз өнерінің өзінде де екі түрлі қызмет атқарғандығы. Оның біріншісі – сұрып салма өнері арқасында заманының туындысы толғаулар шығару, сол арқылы ел, қоғам сөзін айтуда болса, екіншісі – халық тарихында белгілі адамдарға байланысты ерлік жырларын шығару, кейін соның нәтижесінде эпикалық дүние қалыптастыру, оны айтуда. Бұл екі қызметті жырау бір кезеңде бірдей алғып жүрді деу қате болар еді. Олардың алғаш ерекше ден қойғаны индивидуалдық поэзия болған. Мұны Ә.Марғұлан: «Тегінде жырау ақын емес, ол – толғау айтатын ақылшы, қыыншылық үстіндегі халық ортасына шығып қамқор сөздер сейлейтін данышпан ойшыл адам. Ол әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей, ұлы ойдың иесі. Жырау, ру басы ақсақал, халықтың көкейкесті арманының мұншысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда болмаса, сұрып салып жыр тудыра бермеген» [6,146], - деп көрсетсе, М.Әуезов жыраудың қызметі мен оның шығармасының жанрлық ерекшелігін: «Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Жыраудың мақсаты, міндегі не болса сол, көңіл ашар, әлде не дерлік сөзді айтуда емес. Ол заман сыйын, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын

сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады [7,171], - деп нақты айтқан.

Шындығында да, XV ғасырдан бері индивидуалдық поэзия өкілдерінің шығармашылығын зерттеген ғалымдар алғашқы кезең жырауларына жоғарыда аталған қасиеттер тән екенін баса айтады. Кезінде ұзан, бақсы, жырау атанған Қорқыттан кейінгі дәуірде жыраулардың басы Асанқайғы Сәбитұлы (XV ғ.) болған деген пікірді Ш.Уәлиханов еңбектерінен де кездестіруге болады.

Жыраулардың бұл тобы сөз өнерімен қатар бақсылар дәуірінен қалған ақыл айтуда, сәуегейлікті сақтап қалса, әскер басы, ру басы, би болу секілді жаңа қызметтерді менгерген. Бұл кез индивидуалдық поэзияға ерекше көңіл бөлген жыраулар ертеден келе жатқан эпикалық дүниелерді қалыптастыру, айтудың таратуды бір сәт екінші қатарда қалдырғанымен, біржола ұмытқаны емес. Бұны индивидуалдық жыраулық поэзияны зерттеген М.Мағаунинің «Вместе с тем он (Казтуган) и эпический поэт. В некоторых жыраух ногайлинского цикла замечается влияние поэзии Казтугана. С этой точки зрения, Казтуган один из первых создателей казахского эпоса» [8,16], - деген Казтуган шығармашылығы туралы. XVIII ғасырдан кейін жыраулар бойында жеке шығармашылық белсенділік (шығарғыштық) бәсендереп, оның есесіне екінші қасиет эпикалық жыр айтуда күшейген.

Бұның себебін М. Мағаун былайша түсіндір еді: «Жырау көбіне

патриархалды қофамның перзенті еді. Сондықтан қазақтың рулық қофамы өзінің әу бастағы ерекшеліктерінен айырыла бастаған кезде жырау да аренадан кетуге тиіс болды. Осы кез және бұдан кейін жырау сөзі мағынасы негізінен эпикалық жырлар айтушыларға байланысты қолданыла бастаған. Олардың басты өкілдері ретінде Абыл Өтембетұлы (1771-1864 жж.), Нұрмұхамед Шыршықұлы (1831-1908 жж.), Қашаған Құржіманұлы (1841-1929 жж.), Мергенбай (1831-1911 жж.), Нысанбай, Базар Ондасынұлы (1841-1911 жж.), Жиенбай Дүзбенбетұлы (1864-1929 жж.), Нұртуған Кенжеғұлұлы (1886-1930 жж.) және т.б.» [8,43]. Бұл жыраулар туралы сөз көбіне белгілі бір эпикалық жырларға байланысты айттылуы да бұл сөзімізді дәлелдей түседі.

Ал, жыраулардың (кейінгі жыр айтушы мағынасында) өздері көптеген эпикалық жырды айту үстінде, оны импровизаторлықпен өндегенін, өздері де толғау, терме шығарғанын, белгілі желілері болғанын, айтыштарға түскенін де ескерген жән тәрізді. Бұндай жырауларға Рахмет Мәзқожаев, Қошешанай Рұстембеков, Жалғасбай Арапбаев, Алдаберген Тасқынбаев, Қайролла Иманғалиев, Наурызбек Раманқұлов және т.б. жататындығын айтуда болар еді.

Ертеректе ұзан, бақсы типтері арқылы қалыптасқан эпос дәстүрі енді үлкен творчестволық тұлғалар жыраулардың келіп қосылуы арқасында ерекше даму, өркендеу процесін басынан кешіре бастады. Бұл кезеңді Н.С.Смирнова «Позднее, XIX век, жырау из вещего мудрого певца превращается в сказитель»[9,35], - деген көрсетеді. Бұрынғы жыраулық дәстүрден тек сөз өнерін ғана мұра өткен бұлар, басқа қасиеттерін (сәуегейлік, әсер басы, ақылшы болу) кейін жеке-жеке ие болып қалған басқа типтерге қалдырып кеткен. XVIII ғасырдан бастап жыраулардың эпикалық жыр орындауға, дамытуға бірынғай бет бұруына аталған кезеңнен бастап эпостық дәстүрдің тарихи жағдайға байланысты ерекше күшеноі де себеп болған тәрізді. Мұны Ә.Марғұланың: «Формирование профессиональных певцов тесно связано с зарождением эпической поэзии» [6,71], - деген пікірінен де көруге болады.

Түркі халықтарының ішінде "жырау" термині өзбек, қарақалпақ халықтарында кездеседі. Тек бұл халықтарда ол эпикалық жыр айтушы мағынасында ғана сақталған. Ал керісінше, индивидуалдық поэзияға қатысты аталмайды. Қарақалпақ ғалымы К.Айымбетовтың: «Жырау қолына қобыз алдып, халық мұрасын сақтаушы, дастандарды, тарихи жырларды жиналған көпке айтып беруші өз заманының мұн-мұқтажын айтушы» [10,72], - деген соның дәлелі.

Ал, қарақалпақ жырауларының жыр айту сазы туралы И.Т.Сагитов: «Исполнители героических сказаний называется "жырау". Одна из особенностей исполнительской манеры жырау – пение горланным голосом» [11,32], - деген дерек келтіреді. Бұнда көніл аудараптық дерек, қазақ жыраулары қабыл алмаған, бақсылардан соң кей ақындар мұра еткен қобыз аспабын қарақалпақ жырауларының кеңінен пайдалануы және оғыз тайпасына кірген рулардың кейінгі ұрпақтары дамытқан көмейден жыр айту дәстүрін қазақ жырауларымен қатар, қарақалпақ жырауларының да пайдаланғандығы. Сондай-ақ, бұл жыр айту дәстүрін түркімен, таулы алтай

халықтарының эпос айтушылары да сақтап қалғанын айта кеткен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Формозов А. Очерки по первобытному искусству. М., 1969
- 2 Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1990
- 3 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы: Мектеп, 1983
- 4 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998.
- 5 Қашқари М. Диуани лұғат ат-турки. Іт. Алматы: Ана тілі, 1991
- 6 Маргулан А.О. носителях древней поэтической культуры казахского народа//М.О. Ауэзову к его 60 летию. Алматы: Жазушы, 1959.
- 7 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.19. Алматы: Жазушы, 1982.
- 8 Магаун М. Кобыз и копье. Алматы: Жазушы, 1970.
- 9 Смирнова Н. Казахская народная поэзия. Алматы: Жазушы, 1967
- 10 Айымбетов Қ.Халық даналығы. Нөкіс., 1988.
- 11 Сагитов И.Т. Каракалпакский героический эпос. Ташкент: Фан, 1962.

Tileuova A. Z.¹, Dostanova A. M.¹
¹*Баишев университет*

КАЗАХСКИЕ ЖЫРАУ, ИСКУССТВО ЖЫРШЫ

Аннотация

В статье, в соответствии с традициями казахского народа рассматриваются личностные особенности казахских поэтов-жырау, характерные мировым эпическим традициями.

Ключевые слова: *Поэзия, жырау, традиции поэзии, певцы, шаманизм, богословие, традиции.*

Tleuova S. Z.¹, Dostanova S. M.¹
¹*Baishev University*

KAZAKH ZHYRAU, ZHYRSHY ART

Abstract

In the article in accordance with the traditions of the kazakh people considered personal features of kazakh poet-zhyrau specific world epic tradition.

Key words: *Poetry, Zhyrau, traditions of poetry, singers, shamanism, theology, traditions.*

МРНТИ 16.21.35

Аманжол А.Ә.¹

¹Баишев университеті

ДИСКУРС ТЕРМИНІНІҢ АНЫҚТАЛУЫ, ҰЛТТЫҚ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ

Аннотация

Мақалада қазақ тіліндегі дискурс теориясының күрделілігі, тіл мен дискурс арақатынасының айырмашылығы, дискурс пен мәтіннің аражігін ажырату мәселелері, қазіргі таңдағы дискурстың жіктелуі, лингвистикада орын алуды сияқты мәселелер қарастырылады.

Кілт сөздер: дискурс, мәтін, теория, лингвистика, диалог.

Дискурс мәселесі ғылымға бүгін ғана келген жоқ, Еуропа, Ресей ғалымдары бұл терминнің анықтамасын, жалпы зерттелуін еткен ғасырдың 60-70 жылдары-ақ бастаған.

«Дискурс» термині бір-бірінен айырым белгілері бар әр түрлі анықтамаға ие. «Дискурс» терминің бірінші болып қолданған француз ғалымы Эмиль Бенвенист. Ғалым сөйлеу, сөйленім, сөйленіс атауларының бәрін дискурс деп атап, оны монологқа қарсы қойды [1, 78]. Анықтап қарасақ, дискурсты монологтан емес, екі адамның сөйлесуінен (диалогтан) іздеңдіруге болады.

Дискурс ұғымы XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап философияда кеңінен қолданыла бастады. Тұнғыш болып «дискурс» ұғымын Ю. Хабермас өзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде қолданған болатын.

Ғалымдар дискурс теориясының тууы мен қалыптасуына түрткі болған Еуропа ғалымдарының синтаксисті тек сөз тіркестері мен жай және құрмалас сөйлемдерден ғана емес, олардан жоғары тұрған тілдік бірліктерден іздеңдіруге ұмтылыстары деп түсіндіреді. Ондай синтаксисті біреулер – гиперсинтаксис (Б.Палека), екіншілер – макросинтаксис (Т.ван Дейк), үшіншілер – мәтін синтаксисі (В.Дрослера) деп атайды [2, 137].

Дискурс (фр. discours) сөйлеу, тілдік іс-әрекет үдерісі, сөйлесім тәсілі. Жалпы бұл термин лингвистика, әдебиеттану, семиотика, философия, этнология және антропологияда тілдің жұмысалымдық қызметін зерттейтін көп мағыналы термин.

«Тіл білімінің терминдер сөздігінде» дискурсқа мынадай анықтама берілген: «Дискурс – прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір уақығасымен байланысты нақты мәтін. Дискурс көне жазба мәтіндерде, нақты өмірмен байланыссыз мәтіндерде қолданылмайды. XX ғасырдың 60-70-ші жылдары дискурс теориясы, даму үрдістері, соған қатысты басқа мәселелер зерттелді.

Дискурстың теориялық негіздері, оны талдау әдістері неміс, америка т.б. ғалымдарының еңбектерінде ашылған» [3, 81-82].

Дискурс – автордың әлем туралы білімі, көзқарасы, мақсаты мен бағыты т.б. экстралингвистикалық факторларды қамтитын күрделі коммуникативтік

құбылыс; дискурс – автордың тілдік тұлға ретіндегі үш деңгейін көрсететін көпденгейлі үдеріс.

«Дискурс» термині жөнінде нақты авторлардың қосқан құнды пікірлері мен әр түрлі ұлттық дәстүрлерде қолданылатын үш негізгі түрін ерекше атап көрсетеді. Бірінші түріне 1952 жылы жарық көрген американ лингвисті З.Харристің «Дискурс-анализ» атты мақаласында тарихи тұрғыдан бірінші рет қолданыс тапқан таза лингвистикалық қолданысын жатқызады. Негізінен таза лингвистикалық қолданысы 20 жылдай қолданылып келді. Оның өзі түрліше, бірақ дискурс ұғымымен сөйлеу, мәтін және диалогтің дәстүрлі ұғымының дамуы мен нақтылануына жасалған әрекет қарастырылады. Эмиль Бенвенист пен Зелиг Харристің дискурс туралы түсініктерінде айырмашылық бар. Атап айтсақ, Э.Бенвенист дискурс деп айтылымға айтушының ашық қатынасын ұғынса, З.Харрис дискурсты айтылымның бірізділігін, сөйлемнен ірі мәтін бөлігін түсінеді.

60-шы жылдары Бенвенист теориясын одан әрі дамытып, дискурстың талдаудың мақсат-міндеттеріне айқындаған Мишель Фуконы атап өтүге болады. Оның пайымдауынша, айтушының айтылымға қатысы айтылымның тууына қатысты емес, айтылымды ауыстыратын өзге айтылымға қатысты және сол арқылы білдіретін ойға қатысты анықталады.

Сөйлеу ұғымынан дискурс ұғымына көшу Ф. де Соссюрге тән тіл мен сөйлеудің классикалық қарама-қайшылығын енгізуге ұмтылумен, кейбір үшінші мүше - әдеттен тыс «көп жағдайда сөйлеуге» тән, солай болғанымен, сөйлеудің өзі бір мезгілде көп дәрежеде дәстүрлі лингвистикалық әдістердің көмегімен зерттелуге сәйкес болатындықтан «көп жағдайда тілдік», көп жағдайда формальды болады. «Дискурс» мермині туралы бірінші пікірлерде континентальды Еуропа елдерінің бірқатар ғалымдарының ағылшын тілді ғылыми дәстүрі көрініс тапқан; осы дәстүр тұрғысында «үшінші мүше» ретіндегі Соссюрлік оппозиция жөнінде белгия ғалымы Э.Бюиссанс бұрын айтқан болатын, ал француз лингвисті Э.Бенвенист «дискурс» терминінің орнына «сөйлеу» терминің қолданған [4, 69].

Екінші «дискурс» терминінің қолданысы туралы пікірлерге соңғы кездердегі ғылыми тұрғыда және стилистикада танылып жүрген француздардың структураліzmі мен постструктураліzmі енеді; ең алдымен, М.Фуко, дегенмен, осы пікірлердің қолданысын негіздеуде А.Греймас, Ж.Деррида, Ю. Кристевтер маңызды орын иеленеді; кейінірек бұл ұғымға М.Пеше және т.б. біршама өзгерістер енгізді. Осы қолданыста дәстүрлі стиль ұғымын анықтауға ұмтылыс және жеке тіл деп қарастырылады. Осындай мағынада түсінілетін «дискурс» термині арқылы сөйлеу тәсілі сипатталады және Қандай дискурс, Кімнің дискурсы деген анықтамасы міндетті түрде болады, сонымен қатар зерттеушілерді жалпы дискурс қызықтырмайды, олардың нақты түрлері, берілген кең көлемдегі көрсеткіштері, сонымен қатар арнайы тақырыптары, сендіру жүйесі, талқылау тәсілдері т.б. сияқты таза тілдік айырым қасиеттері, стилитикалық ерекшеліктері айқын ажыратылады. Сонымен бірге сөйлеу

әдістері көп жағдайда дискурстың пәндік саласын алдын ала айқындаиды, қарастырады, сондай-ақ оның әлеуметтік институттарымен сәйкеседі. Осы тұрғыдағы түсінік, сөзсіз, ерекше әлеуметтік деңгейде болып саналады.

Дискурстың үшінші тұрдегі қолданысы неміс философы және социологи Ю.Хабермас есімімен тығыз байланысты. Содан бері бұл термин батыстық философияда кең қолданылып жүр. Хабермас «дискурске» мына төмендегідей белгілер тиесілі деп қарастырады – қарым-қатынаска, сұхбатқа іштей тиесілі, сол кезеңнің қоғамдық өмірінде қалыптасқан нормалар, ережелер және негізгі құндылықтар жинағынан тұратын идеологиялық тіл. Ондағы идеология деп отырганымыз жалпы белгілер жүйесі деген мағынада қолданылып отыр.

Дискурс — тілдік коммуникация түрі. Кең шенберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады.

«Дискурс» терминің лингвистиканың өз ішінде танылуы да әр қылыш. Атап айтқанда, бұл термин прагмалингвистика, функциональды лингвистика, лингвостилистика, формальды немесе бағдарлық лингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан тұрлі анықтамаларға ие.

Лингвистикада «дискурс» термині «коммуникативтік жағдаяттағы сөйлеу, мәтін, диалог» түсінігін береді. Осы түсінікке сай дискурс мәтінге қарама-қарсы қойылады.

Адамның бірде-бір сөзі тиянақталып, аяқталмаған, өйткені ой принципті түрде тамамдалуы мүмкін емес. Әрбір сөз әрбір адамның рухани әлемінде өзіндік өзгеріске ұшырайды. Тірі сана, тірі қарым-қатынас барысында тілді бұлжымас, қозғалмас жүйе деп қарастыру мүмкін емес. Адам үшін оны қоршаған тілдік орта да, ол адамның өзінің тілдік санасы да түгелдей дерлік көп дауыстылықтан, көп мағыналылықтан тұрады. Сөз ендігі жерде, тек бір нәрсені білдіріп қана қоймайды, сөздің өзіндік «иісі», тіпті өзіндік «дәмі» де бар.

Рухани әлемнің өзіндік ерекшелігін оның белгілік, таңбалық қасиетінен іздеу керек. Рухани болмыс — мағыналы белгі, таңба болмысы. Рухани әлемнің «белгілік» болмысы оны адам болмысының «материалдық» шындығынан өзгешелеп қана қоймайды, тіпті «материалдық» әлем мен жақындастырып, біріктіреді. Өйткені, белгі қашанда «материалдық», «заттық» белгі. Сондықтан да белгілік шығармашылықтың жемістері — өнер туындысы, ғылыми жұмыстар, діни рәміздер, салт-дәстүрлер және т.б. бәрі — адамды қоршаған шынайы әлемнің материалдық заттай бөліктері. Олардың басқа заттардан ерекшелігі оның мағынасында, мәнінде, өзіндік құндылығында.

В. Дильтейдің осы «ұғыну» теориясы герменевтиканың бастауында жатыр. В. Дильтей үшін Цезарьді түсіну Цезарь болуды талап етеді. Тарихи тұлғаны тек «іштей ене» түсіну ғана мүмкін, яғни соның «терісін жамылдып», соның орнына өзінді қойып қана ол туралы бір нәрсе айта»аласын.

Таным екі жақтылықты қажет етеді, біріншіден, зерттейтін нәрседе «іштей енү», екіншіден, одан «тысқары кету». В. Дильтей мұның біріншісіне ғана маңызды деп мән беріп, екіншісіне көніл аудармады. Сондықтан да оның «ұғыну» теориясы өміршең бола алмады.

А. Дильтейден гөрі ұғыну теориясында шындыққа Х.Г. Гадамер жақын болды. Ол зерттеушіні, түсіндірушіні, талдаушыны бір жақты текст авторының тарихи жағдайына қойып, оның өзінің тарихи шекарасын ұмытуын мақсат тұтпады. Х.Г. Гадамер әлеуметтік тарихи-мәдени көк жиектерді жақыннатуды ұсынды. Х.Г. Гадамер өз еңбектерінде «зерттеуші» мен «зерттелушінің» бірі-бірінің алдынан қарама-қарсы шықпайынша, шынайы түсінудің болмайтындығын айтады. Түсінудің негізгімақсаты ақиқат түбіне жету болатын болса, ол ақиқатқа өзінің (зерттеушінің) нақты тарихи жағдайы мен өткен (зерттелуші) әлемнің диалогы, бітпес сұрақтарға берілген шексіз жауаптар қатынасы арқылы ғана жетуге болады.

М. Бахтиннің ұғыну теориясы В. Дильтейдің қатесін қайталамайды. Ол түсіну барысында өзін-өзі «ұмытпау» керектігін, өзін сырт қалдырмау қажеттігін, онсыз танымның толық емес, біржақтылығын айтады. Түсінуді, ұғынуды етene енү және өзінді басқаның орнына қою (яғни өз орнынды жоғалту) деп қана қарастыру жөнсіз. Ұғыну үшін мағыналық артықшылық қажет, ал оған біз тек «өзіміздің дара, бірегей» орнымызда тұрғанда ғана, өз орнымызды жоғалтпағанда ғана ие боламыз.

М. Бахтиннің бір қарағанда жүйесіздеу, үзікті паратерминологияға сүйенген философиясының өзіндік қисыны бар, әр түрлі мағыналық топтарды біріктіретін ортақ идеясы бар. Оны жалпылай келе мәдениет әлеміндегі адамның сұхбаттық болмысы деуге болады [4, 138].

«Басқаның» абсолютті қажеттілігін мақсат тұтатын диалог адам санасының болмыстық қасиетінен туындаиды. «Басқаны» ақыл-ой өзінің ұғымдары арқылы толығымен қамти алмайды, ол дәстүрлі мағынадағы философиялық категория да емес, абстракция да емес, өмірдің өзінен о баста орын алған.

Қазіргі ғалымдардың дискурс туралы пікірлері біржақты емес. Біреулер оны «сөйлесу», «сөйлесім» десе, екіншілер диалогты дискурс деп атайды [5, 112]. Үшінші біреулер дискурс деп – «мәтінді, оның ауызекі сөйлеу тіліндегі қалпын» атаса [6, 69], төртіншілер «мән-мағынасы, ұғымы жағынан бір-бірімен логикалық және синтаксистік байланыста тұрған бірнеше сөйлемдерден құралған мәтінді» дискурс деп атайды [7, 183].

Профессор Б.Қалиев өз еңбектерінде жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін талдай келе, өз тарапынан мынадай ой қосады: «Менің дискурс құбылысын ғылыми еңбектерде көрініп жүргендей pragmatika, пропозиция, прессуппозиция, импликация, экспликация, интенция, дейксис, локус, иллокутив, адресант, адресат деген сияқты жатжүрттық терминдермен сипаттап беруіме болатын еді. Бірақ мен бұл жолдан саналы түрде бас тарттым да, айтпақ болған ойымның халыққа (мен халық деп – ғылымға әлі келе қоймаған, бірақ келгісі келетін магистранттар мен ізденушілерді айтып отырмын – Б.Қ.) түсінікті болу жағын ескеріп, оны қарапайым тілмен баяндап беруді жөн көрдім» дей келе дискурс дегеніміз не деген сұраққа жауап берерде соңғы төртінші пікірдің шындыққа жанасатындығын баса айтады.

Сонымен қатар өз тарапынан дискурстың ауқымы кең, күрделі құрылым

екендігін оның прагматикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, менталдық, психологиялық, семантикалық сипаттары барын айтады және бұл сипаттардың диалог-мәтінді маңызды, мәнді әрі түсінікті етуге септігін тигізетіндігін көрсетеді.

Ғалым бұл анықтамаларды қарапайым төмендегідей мысалдар арқылы көрсетеді:

Асығып тұрған жолдасы:

- Ішегім (ішім) шұрылдаپ барады, - деді.
- Онда шай қайнатайын.
- Мейліңіз (Б.Соқпақбаев).

Көрсетілген диалог-мәтіннің (дискурстың) бірінші сөйлемінде «Қарным ашты. Даяр тұрған асыңыз жоқ па?» деген ой жатыр. Бірақ ол ой ашық айтылмаған. Алайда тыңдаушы әлгі ойды дәл түсініп, «Үйде даяр ас (тамақ) жоқ еді, шай ішуге қалайсың?» деген пікірдің «Үйде даяр ас жоқ еді» деген бірінші бөлігін бұғіп (жасырып) қалып, «шай ішесің бе?» деген екінші бөлігін ғана айтады. Тілді бірінші болып бастаған адам үй иесінің бұл ойын дәл ұғып (егер үйде даяр ас бар болса, қазақ оны аямайтынын біледі), шай ішуге келіседі деген қарапайым мысал арқылы «дискурс дегеніміз осы» деп жауап береді де бұған дәлел ретінде екі тұлғаның арасындағы жағдаяттық, тілдік, әлеуметтік, этномәдениеттік, психологиялық ортақтықтардың болуы арқасында олар бірін-бірі жақсы түсінді деп көрсетеді [4, 9-10].

Дискурс екі тілдік тұлғаның сөйлескендігін ғана білдіріп қоймай, сонымен бірге әңгімелесу, кеңесу, сұхбаттасу, ақылдасу, айтысу, тартысу сияқты сөйлеудің тұрлерін айқындаиды, мәтіннің мазмұнын ашып және де сөйлеушілердің қандай тұлға екендігінен (білімді, сауатсыз, мәдениетті т.б.) хабар береді.

Дискурсты шынайы өмірдегі көріністер арқылы көрсетуге болады. Дискурстың жүзеге асуында коммуникацияға қатысушылардың ортақ білімі болуы керек, егер ортақ білім болмаса, дискурста жүзеге аспайды. Сонымен қатар мәтін болмаса дискурс жүзеге аспайды. Яғни, тілсіз дискурстың орындалуы мүмкін емес және коммуникацияға қатысатын комуниканттар болуы керек. Осы кезде ғана дискурс орындалады.

Сонымен, дискурс дегеніміз – белгілі бір тілдік жағдаяттағы екі адамның өзара сөйлесуі (тілдесуі), бір-біріне сұрақ беруі, жауап қайтаруы, бірін-бірі түсінуі. Бұл пікір мәтін деп жүрген ұғымға өте ұқсас. Ал дискурс мәтінге қарағанда кеңірек, ауқымдырақ. Мәтін – бірнеше сөйлемнен тұратын кез келген тілдік бірлік болса, дискурс екі адамның сөйлесуі кезінде туындаитын, экстралигвистикалық, ұлттық факторлармен байланысты тілдік құрылым. Ғалымдардың арасындағы мұндай таластың туындауының өзі де дискурс мәселесінің әлі де зерттеуді қажет ететін өзектілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бенвенист Э. Лингвистика текста. М., 1978, 78
- 2 Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990 137
- 3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. Алматы, «Фирма Орнак» ЖШС, 2012 – 388 бет., 81-82

- 4 Дискурс теориясының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы, Ақтөбе, 2015, 69
- 5 Красик В.И. О типах дискурса // Языковая личность. Волгоград, 2000 112
- 6 Макаров М.Л. Основы теории дискурса М., 2003 – 280 69
- 7 Буркутбаева Г.Г. Деловой дискурс. Онтология и жанры. А., 2005 – 232 183

Аманжол А.А.¹
¹Баишев Университет

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЕРМИНА ДИСКУРСА, ПРЕДСТАВЛЕНИЕ НА НАЦИОНАЛЬНОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация

В статье рассматриваются сложность теории дискурса в казахском языке, различия между языком и дискурсом, проблемы разграничения дискурса и текста, классификация дискурса в современном мире, возникновение лингвистики.

Ключевые слова: *дискурс, текст, теория, лингвистика, диалог.*

Amanzhol A. A.¹
¹Baishev university

DEFINITION OF THE TERM DISCOURSE, REPRESENTATION IN THE NATIONAL LANGUAGE

Abstract

The article discusses the complexity of the theory of discourse in the Kazakh language, the differences between language and discourse, the problems of differentiation of discourse and text, the classification of discourse in the modern world, the emergence of linguistics.

Keywords: *discourse, text, theory, linguistics, dialogue.*

МРНТИ 16.01.07

Ниязова F.M.¹, Өмірзак М.Б.¹,
¹Баишев университеті

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ «ОЯНУ»
ИДЕЯСЫ

Аннотация

Бұл мақалада А.Байтұрсынұлының поэзиясындағы ұлттық рух, халықтық сипат, «ояну» идеясы сөз болып, ақын өлеңдеріндегі ұлтшылдық, ағартушылық пафостағы ойлары айтылады. Сондай-ақ, мақалада ақын дәуіріндегі ұлттық идея талқыланып, лирикадағы ақынның саяси-әлеуметтік бейнесі, азаматтық тұлғасы ашық көрсетіледі.

Кілт сөздер: ұлттық идея, ояну идеясы, ағартушылық идеясы, саяси-әлеуметтік лирика, ақындық бейне.

Адамзат баласы жаралғалы бері, өзінің еркіндігі, елінің азаттығы, бостандығы, тәуелсіздігі үшін құресіп келді. Азаттықтың адам жанына, ақылсанасына күш-жігер беретін рухани құндылығын сезінуге талпыну үшін жасалған құрестерден біз тәуелсіздіктің мәні мен оның қаншалықты құнды екенін білеміз.

Тәуелсіздік таңын аңсау мен оған жету жолындағы қоғамдық құрестер, тарихи оқиғалар – біздің бүтінгі егеменді еліміз тарихында қандай орын алғандығын тек тарихтан ғана емес, көркем шығармалар арқылы да бағамдай аламыз. Сөз өнерінің ұлы шығармалары еркіндік пен сана бостандығы негізінде ғана дүниеге келеді. Адам санасы қашан да өзі өмір сүрген қоғамдық ортаға тәуелді. Ал сол қоғамның жоқшысы болу, ішкі өзгерістер болмысын тану, танығанын елге жеткізу көркем өнер өкілінің міндеті. Қоғамдық орта да, шынайы өмір де жазушы санасында қорытылып, сол арқылы әдеби шығарма пайда болуына, өрлі іс әрекет белгілі бір жағдайда ой-сана өрісіне жол ашады. Жалпы әлемдегі ақын-жазушы жырлап, жазып келген еркіндік, бостандық – адамзат болмысының даму сатысын жоғарылататын қоғамдық құбылыс. Тәуелсіздікке қол жеткізген ұлт қоғамдық дамудағы жаңа белеске көтеріліп, болашақтың өркениетті бағыт-бағдарын айқындауға қол жеткізеді.

Тәуелсіздік, бостандық, азаттық жолындағы құрес – құрестердің ішіндегі ең ұлысы. Бағзы замандардан бері адамзат баласын өзінің еркіндігі мен бостандығының шектелмеу мәселелері толғандырып келді. Бостандық танымы, адамзат баласы белгілі топқа бірігіп, қоғамдық орта құруға талпынған уақыттағы ел еркіндігі мен азаттық идеясына ұласа бастаған уақытта, тарих бізге азаттық пен еркіндік үшін құрестің ағынын жайып салды.

Қазақ әдебиетіндегі ақын-жазушыларымызды қай-қайсысында өз заманындағы ел тағдырының ахуалы, азаттықтың, бостандықтың, тәуелсіздіктің

таңын асыға күткен халқының тағдыры толғандырмай қоймады. Олардың қатарында XX ғасырдың басындағы ұлт-азатшыл ақын-жазушыларымыз А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б сияқты алыштарымыз да бар.Олардың жырларынан ерлік рухын, азаттық аңсаған халық тағдырын, «маса» секілді ызыңмен елін оятқысы келген талпынысын, «оян, қазақ» деп ұрандатқан үндөрін естіміз.

Азаттық, бостандық жолында күресуді өзіне борыш санаған ірі тұлғамыздың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Оған оның шығармалары, азаттыққа қол жеткізу үшін жасаған ерен еңбегі дәлел болады. Бір ғана «Маса» жинағындағы ақынның тәуелсіздікті аңсап, бостандыққа жетелейтін өлеңдері сол замандағы орыс отаршылдығында болған халқымызды қараңғыдан жарыққа сүйрейтін өткір құрал болды. Бұл жинақ қазіргі таңда да жастарымызға үлгі-өнеге беретін, оларға әрқашанда азаттық рухын дарытатын орны ерекше туынды болып қалмақ.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы ұлт-азатшылдық бағыт оның саяси бостандыққа жетуді аңсауынан, қазақ халқын Ресейдің езгісінен азат етіп, отаршылдық бұғауынан құтқаруды, қазақ ұлтының өзін-өзі басқаруына қол жеткізуді аңсаған арманынан, соған бар даусымен үн қосуынан көрінеді.

Отаршылдық езгісі, елі азап шеккен, жері талан таражға түсіп, тоз-тозы шыққан, береке-бірлігінен айырылған халқының тағдыры ақын қолына қалам алдырмауы мүмкін емес еді. Ол өз өлеңдерінде ұлтының қасіретті жағдайын нақты атай отыра, елін серпілтер ой-идеяны өршіл үнмен жеткізді.

Ақын:

Қазағым, елім,
Қайқайып белін,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малын,
Қанауда жаның,

Аш көзінді оянып [1.95] – деп халықтың қасіретінің шегіне жеткендігін, енді «оянбасқа» амал қалмағандығын ашына айтты.

«Маса» сияқты кітаптың жарық көруі, оның атауындағы ерекшеліктің өзі әдебиеттің қоғамдық рөлін көрсетумен бірге, ақынның ел ертеңіне алаңдаған азаматтық тұлғасын танытады. Осы «Маса» жинағындағы «Сөз исесінен» атты өлеңінде Ахмет:

Ызыңдал ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса:
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен қара, яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша, [1.72] – деп бейнелі жырлап, өзінің халықты алдағы күрес күндеріне жетелеуге ұмтылдырған қызметін кішкене жәндіктің әлсіз қимылына балап жеткізеді. Бірақ нәтижесінен үлкен үміт күтеді.

«Масадағы» өлеңдер А.Байтұрсынұлының сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойларымен толықтырылып тұр. Ахметтің ақындық өнерінің қадір-қасиетін, сыр-сипатын ашатын – заман шындығынан туған құбылыс. Мұны өзі де нақты атап көрсеткен:

Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес,
Ат шығармақ ақындық.
Ер батқанда – жорғалық,
Молда жоқта – молдалық! [2.41]

Осыдан байқайтынымыз Ахмет өзінің ақындық қасиетін елге қызмет етуге, соның ішінде саяси күрес пен ағартушылыққа арнаған. Сондықтан оның өлеңдері халқының бостандығы жолындағы күрес ұранына айналған. Көптеген зерттеушілер мұны сол бір кездің өзінде-ақ сезінген. Соның бірі – Эмина Мәметова. Ол өзінің «Көркем әдебиет туралы» мақаласында: «Аханды мақтайын деуден аулақпын. Бірақ тарихтан тиісті орнын берейік дегім келеді. Ахаң әдебиетімізге жұмыс етпеді ме? Қолынан келгенше заманына қарай жалтыраған түймесін жұлдып тастап, құл болған, тендіксіз болған, жұрт екен деп есеп-ке алынбаған қазақ жұртына заманына қарай көре білгенінше, түсінгенінше жөн сілтемеді ме?» [2.130] – деген пікірін ашық айтқан болатын.

А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағына енген өлеңдеріндегі төңкерісшіл рух 1905-1907 жылдардағы саяси толқулар мен рухани сілкіністің ұшқынынан екені байқалады. Ақын өлеңдеріндегі төңкерісшілдік сарын шымыр ойлар арқылы өріледі:

Байқасақ, жезде,
Бауыздар кезде,
Үн шығару бар емес пе?!

Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе?!

Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен, апрыым-ай! [2.242].

Ақын мұнда екі сипатты айқын танытып отыр. Оның алғашқысы – шыдам таусылған сәттегі зор сілкіністің боларын меңзеу. Екіншісі – тек бүгінгі күнді ойламай, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті естен шығармау. Ең бастысы соңғысы – ұрпақ алдындағы парыз.

Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне азатшылдық рухты әкелушілердің бірі. Қай әдебиетті алғып қарасақ та, онда ағартушылар, ағартушы-демократтар, ұлт-азатшылдар кезеңі және олардың ірі өкілдері болған. Бұл сипат қазақ әдебиеті тарихына да тән дейтін болсақ, онда ұлт-азатшылдық кезең Ахметтен басталады. Ендеше Сәкен Сейфуллиннің тарихи шындықты дөп басып айтқан пікірі: «Қорлыққа шыдап, қүйікке қүйіп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт-намысын жыртып, ұлттық арын жақтаған патша зама-нында жалғыз Ахмет еді» [3.32] -дегені де көп нәрсені анғартады.

А.Байтұрсынұлынан бастау алған М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, И.Жансүгіров шығармаларындағы күрескерлік рух пен ағартушылық сарын осы бостандықты, азаттықты жырлауға жетелейді. Ақындарымыз өздеріне басты міндег халықтың санасын ояту, елдің қамын ойлау, білім, мәдениет жүйесіне өзгеріс әкелу деп білді. Бұл қоғам дамуы тұрғысы-нан өте дұрыс жол болатын. Өйткені, халықтың санасы оянбай, олардың саяси көзқарасы жетілмей, негізгі қоғамдық реформаларға бет бұруы мүмкін емес. Сол кезде мұны кеңес үкіметі жақсы түсінді. Түсінді де халықтың санасына сәуле шашуға тырысқан зиялды қауымды «халық жауы» атандырыды. Бұл әккі саясаттың жемісі болатын.

Кеңестік идеология адам санасын, халық рухын езгілеп жаншыды. Алайда азаттық, тәуелсіздік, бостандық үшін күрес ешқашан толастаған емес. Қазақ әдебиетіне күрескерлік рух әкелген Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы қазақ әдебиетінде алтын қорынан ойып тұрып орын алатын құндылықтар. Ахмет аңсаған азаттық таңы, Ахмет іздеген тәуелсіздік, Ахмет сезінген бостандық оның шығармаларына өлмейтін, мәнгілік сипат берді. Елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, береке-бірлігін жырлаған мұндағы шығармалар, әрине, мәнгілік болмақ. Біз Ахметтің төл өлеңдерінен азаттық таңын аңсаған, тәуелсіздік идеясын биікке көтерген сантарап желілерді таба аламыз. Бұған дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойына арналған мақаласында айтылған қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің мына пікірін келтіруге болады: «...Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің есімізде... Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ даласы ұмытқан жоқ. Өлеңдегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі қүнге қазақ даласының күшті санаы болып, арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр» [3.49]. Болашақ ұлы жазушы ақын поэзиясындағы азатшылдық идеяны көтерген жолдардың ұшқыннан жалынға айналар асылдықты таныған еді.

ХХ ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санаына демократиялық ойлар сініріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялды топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санаын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы екендігіне зәредей күмән болмауға тиіс. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы реформатор атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялды қауымның төлбасына айналды. Жалпы оның ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық, аудармашылық қасиетін саралай түскенде еріксіз мынадай ой жетегіне ерутеге турал келді. Ахаңның алдында қазақ халқы үшін оның болашағы үшін мол қазына тастап кеткен үш алыштың, Абай, Ыбырай, Шоқанның болғанын білеміз. Бір ғажабы, осылардың мұрасын терең зерттей отырып, олар көтерген мәселелерді бар жанымен ұға отырып, ол осы үшеуінен тартылатын

үш арналы жолды бір өзі таңдап алғандай. Шынында қараңыз. Шоқанның ғалымдығы, Үбірайдың ағартушылығы, Абайдың ақындығы мен ағартушылығы А.Байтұрсынұлының өмірлік мұратына айналған. Және бұларды заманға лайықты нақты істермен жалғастыра, дамыта түседі. Сондай-ақ тыңдаушысы мен оқытушысы аз болған үш алыптан гөрі ол азынаулақ болса да өз енбегінің нәтижесін көрген адам.

Абайдың бір де бір өлеңін өткен уақыттың жайын ғана жырлайтын, кезеңдік дүние деп қарай алмайтынымыз сияқты. Ахмет туындыларының да шенбері бір ғана сәттің ауқымымен шектеліп қала алмайды. Оның әрбір сөзі дәл бүгінгі біздер үшін де әсерін жоймаган барынша көркем, мейлінше мағыналы. Тіпті көп өлеңі бүгінгі тіршілігіміздің айналасында боп көрінеді. Мысалы:

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,

Киіздей шала басып қарпылмаған («Қазақ салты»), - деген шумақ бүгінгі біздерді айтып тұрғандай емес пе?! Бас пайдасынан басқа уайымы жоқ, жақын-жуық, халық, ұлт мұддесі деген ұғымға миығынан қуліп қарайтындар аз ба, қазір, мына бір екі жол соларды нұсқап, дәл басып көрсеткендей.

«... Жаны ашып, жақын үшін қайғырап ма,
Жаны – мал, жақыны – мал, малдың құлы»

(«Досыма хат») болған жандарды аңы сын садағымен түйрейді. Ал «Жұртима» деген өлеңінде қазақтың тағы бір тиімсіз мінезіне қадалады:

«... Келгенде өзді-өзіне мықтымсындар,
Қайтейін өзге десе көнгішінді
Сықылды сынық бұтақ төмендесен,
Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!»

Бұл «Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындалты» нақтылай ұластырып жатқан шумақтар. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан

шығып кеткен соң өкіндім-ай» деп халық өлеңінде айтылатын ежелгі, дәстүрлі өлең табиғатына жаңаша нәр беріп, неге болса да тәубешіл, неге болса да құдай ісі деп, еш әрекетсіз қарап отыратын мінез-құлықтағы дерпті аямай сынға алады.

Ахмет Байтұрсынұлының аудармашылық қызметінде мысал жанры өзгеше орын алады. Басқа емес дәл осы жанрға баруының өзінде үлкен мән жатыр. Қазақ бойындағы ежелден қалмай келе жатқан әлгіндей ездік пен бойқүйездік, намыссыздық пен жігерсіздік, алаяқтық пен алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық т.б. толып жатқан ес жиғызбас әдетті сынға, шенеуге келгенде ақын осы жанрды дұрыс таңдайды. Оның сыншылдығы да, сыршылдығы да осы мысал өлеңдерінде барынша ашыла түседі. Әсіресе шымшыма әзілмен әспеттелетін пәлсапалық түйін мен тағылым тәрбиелік мәні зор тұжырымдары естен кетпей көңілде жатталып қалады. Мұның бәрі, біздіңші өлеңдегі ой мен сөздің, мазмұн мен түрдің өзара жымдасып, қабысып

жатуынан.

Қазіргі қоғамда ахметтану мәселесін жалпы ұлт тағдырымен, ұлт болашағымен, халық тарихымен салыстыру жаңа үрдіске айналды. Осы ретте академик Ә.Айтбайұлының жалпы қазақ тарихындағы ұлтжандылық, ұлт мәселесі төнірегіндегі ойын әріден әкеліп, бүгінгі күнмен салыстырып, кешегі 86-ның желтоқсанын орап әкеліп, оймақтай ой көтерген мақаласында былай дейді: « Ойлап қаралықшы, ағайын. Біздің халқымыздың басына төнген қатер тек осы ғана ма? Тен жартымыздан айрылдық деп құніренеміз. Ол рас, әрине. Бұл бүкіл бір әлемге, бір халыққа аз қайғы емес. Бұл оның өмірі толmas өлшеусіз қасіреті. Бірақ біздің қазақтың көрген тозағы осы ғана ма, ол құрбандығымен тазарып адалданып бітіп пе еді. Жоқ, ағайын, бақсак, біз ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тұғастық үшін күрес алдында өз журегіміз бен санамызға өшпес қара дақ түсірген халықтың бірі еkenбіз. Елдің тен жартысы аштықтан қырылышп, ширегі шет елге қашып құтылды дейміз. Рас. Ол елде Атамекенде аман-есен халық, ұлт атына ие болып қалғандардың бәрінің бірдей ары, жаны таза деп айта аламыз ба? Халқымызды қырғынға ұшыратқандар, Барса келмеске айдатқандар, сатқындар әлі де жүрген жоқ па еken арамызда алшаң басып, ойланалықшы! Жалпы А. Байтұрсынұлы окуы енді ғана басталды деп білеміз. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, оның сауатты да білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі біткенше күрескен осынау ұлы адамның аты ұлт жүргегінде мәңгі сақталуы тегін емес. Ендеше ол адамзаттың асыл перзенті, қазақтың ұлы тұлғасы. Сондықтан да оны қазақтың ұлттық мәдениетінің Хантәңірі деп бағалаймыз» /4№/.

Қазақтың басына түскен қын да қылыш алмағайып заманда ұлтқа бас болу – Ахмет Байтұрсынұлының мандаудына бүйірған киелі іс. Оның мамандығы қарапайым оқытушы-лық бола тұрып, саяси өмірге араласуына тұрткі болған – қаза халқының өз Отанында отырып, бұратананың күйін кешуі еді. Атамекенінде отырып өзінің тіліне, діліне, дініне, жеріне иелік ете алмаған жүртіңін аянышты ахуалы, Ахметті және оның айналасына шоғырланған қазақ оқығандарын саясат-сахнасына күрескер етіп шығарды. Ұлы қайраткер ретінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығымен де, қоғамдық қызметімен де ұлтына адаптация мен қызмет етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2002. – 119 б.
- 2 Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 3 Мамыткеліні А. Көркем әдебиет туралы//Қызыл Қазақстан. – 1927. – №5-7. – 49-66 бб.
- 4 Айтбайұлы Ә. А.Байтұрсынұлы және алаш тағылымы // <https://qazaquni.kz/2012/11/20/13832.html>

Ниязова F.M.¹, Өмірзак М.Б.¹,
¹Башгов университет

ИДЕЯ «ПРОБУЖДЕНИЯ» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

В этой статье рассказывается о национальном духе, народном характере, идее «пробуждения» в поэзии А. Байтурсынова, о его мыслях о национализме, просветительских пафосах в поэзии поэта. В статье также рассматривается национальная идея, а также социально-политический образ и личность поэта в его произведениях.

Ключевые слова: национальная идея, эпоха пробуждения, просветительская идея, социально-политическая лирика, поэтический образ.

Niyazova G.M.¹, Umirzak M.B.¹
¹Bashgov University

THE IDEA OF "AWAKENING" IN THE WORKS OF АХМЕТ BAITURSYNOV

This article tells about the national spirit, the national character, the idea of “awakening” in the poetry of A. Baitursynov, about his thoughts on nationalism, enlightening pathos in the poetry of the poet. The article also considers the national idea, as well as the socio-political image and personality of the poet in his works.

Key words: national idea, the era of awakening, educational idea, socio-political lyrics, poetic image.

МРНТИ 15.81.61

Минко Э.А.¹

¹Башкирский Государственный Педагогический
Университет им. М. Акмуллы

ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ БОС-МЕТОДА В КОМПЛЕКСНОЙ РЕАБИЛИТАЦИИ ПАЦИЕНТОВ, ПЕРЕНЕСШИХ АОРТОКОРОНАРНОЕ ШУНТИРОВАНИЕ

Аннотация

Статья посвящена теоретическому обоснованию метода биологической обратной связи (БОС) для повышения эффективности комплексной реабилитации пациентов, перенесших аортокоронарное шунтирование (АКШ). Особое внимание уделено характеристикам данного метода, в частности его возможностям и преимуществам, позволяющим доступно и эффективно использовать БОС-технологии в медицинской практике для лучшего и более

быстрого восстановления пациентов после операций на открытом сердце (повышения результативности программы комплексной реабилитации).

Ключевые слова: *БОС-метод, биологическая обратная связь, функциональное биоуправление, БОС-терапия, комплексная реабилитация, медицинская реабилитация, кардиологическая реабилитация, аортокоронарное шунтирование.*

Сердечнососудистые заболевания (ССЗ) относятся к числу наиболее распространенных, выступая, вместе с тем, основной причиной смертности и инвалидизации во многих развитых странах мира, включая Российскую Федерацию [3,4,6,7,8,14].

В настоящее время проблема лечения ишемической болезни сердца (ИБС) является одной из наиболее значимых, актуальных для мирового и отечественного здравоохранения [1,3,4,7]. При этом стоит подчеркнуть, что случаи летальности, обусловленные ишемической болезнью сердца (ИБС), составляют около половины от общего числа смертей по причине патологий системы кровообращения [3,4,6,8]. Вышеизложенные данные говорят в пользу актуальности изучения различных аспектов лечения ИБС.

Сегодня одним из наиболее эффективных методов лечения ишемической болезни, является аортокоронарное шунтирование (АКШ).

Так, в настоящее время в области восстановительной медицины одним из ведущих направлений является реабилитация пациентов с сердечнососудистыми заболеваниями. При этом медицинская реабилитация (МР) является важнейшим компонентом медицинской помощи больным, перенесшим аортокоронарное шунтирование [6, 9].

В соответствии с современными стандартами оказания медицинской помощи, наибольшему числу пациентов, перенесшим острое коронарное событие или операцию реваскуляризации миокарда, надлежит пройти программу поэтапной реабилитации. Следует отметить, что от успеха медицинской реабилитации пациента во многом зависит перспектива положительного результата коронарного шунтирования. Это существенно влияет на качество жизни пациента, перенесшего операцию, его физическое состояние, психосоциальное функционирование, необходимость в повторной реваскуляризации миокарда и риск послеоперационной смерти [7, 9].

В связи с вышеизложенным представляются крайне актуальными поиск и внедрение новых методов, способствующих улучшению показателей сердечнососудистой системы.

В последние годы в России становится все более ярко выраженной тенденция к использованию альтернативных ортодоксальной медицине безлекарственных методов лечения, в частности с применением современных информационных технологий [2, 5, 10, 11].

Одним из перспективных методов, все чаще применяемым в медицине, является функциональное биоуправление с биологической обратной связью

(БОС). Это информационная технология, называемая иначе методом адаптивного биоуправления, биореабилитацией, висцеральным обучением, а также методом оперантного обуславливания, обеспечивающая проведение комплекса исследовательских, немедицинских, физиологических, профилактических и лечебных процедур, направленных на активизацию внутренних резервов организма с целью восстановления или совершенствования физиологических навыков. Данные процедуры осуществляются благодаря использованию специальной аппаратуры, служащей для регистрации, усиления и «обратного возврата» пациенту физиологической информации. Так, пациенту посредством внешней цепи обратной связи, организованной преимущественно с использованием микропроцессорной или компьютерной техники, предоставляется информация об актуальном состоянии и изменении тех или иных собственных физиологических процессов. Используя полученную информацию, пациент под руководством инструктора посредством специальных приемов и аппаратуры развивает навыки саморегуляции, иными словами, способность произвольно перестраивать физиологическую функцию для коррекции патологических расстройств. Таким образом, БОС-технологии благоприятствуют восстановлению или совершенствованию физиологических навыков организма с помощью активизации его внутренних резервов. БОС напрямую способствует обучению центральной и вегетативной нервной систем по принципу так называемого «физиологического зеркала»: благодаря специальному оборудованию и программному обеспечению пациенту дано воспринимать в образной форме физиологические свойства собственного организма, такие как температура кожи, электрическая активность мышц и головного мозга, вследствие чего происходит условно-рефлекторное обучение навыкам целенаправленной нормализации функций организма [2,3, 5, 10,11].

Метод БОС представляет собой нефармакологический метод лечения и реабилитации. Комплекс лечебно-диагностических и реабилитационных задач, решаемых с помощью метода БОС, огромен: от диагностики состояния мышечного тонуса, снижения активности гиперактивных мышц и релаксации до повышения их сократительной способности и формирования двигательных навыков. На сегодняшний день метод БОС широко применяется в медицинской практике врачей многих специальностей для лечения и реабилитации больных с различными патологиями.

Следует подчеркнуть, что, поскольку первостепенной задачей метода БОС является обучение навыкам саморегуляции, использование БОС-технологий может решать не только медицинские, но и здоровьесберегающие, здоровьесформирующие и коррекционные задачи, в связи с чем, как было сказано выше, БОС является методом адаптивного или функционального биоуправления. Это обуславливает широкие перспективы применения метода, как в неклинической сфере, так и в клинической, в частности, в рамках комплексной реабилитации пациентов после аортокоронарного шунтирования.

Примечания

Список сокращений:

АКШ – аортокоронарное шунтирование,
БОС – биологическая обратная связь,
ИБС – ишемическая болезнь сердца,
МР – медицинская реабилитация,
ССЗ - сердечнососудистые заболевания.

Список использованной литературы:

- 1 Авцын, А.П. Адаптация и дизадаптация с позиций патологии / А.П. Авцын // Клин, медицина. - 1974. - Т. 52, № 5. - С. 3-15.
- 2 Аладышев А.В., Субботин Е.А. Функциональное биоуправление с обратной связью – перспективная информационная технология в медицине. // Современные научные технологии. – 2005. – № 3. – С. 86-87.
- 3 Анализ вариабельности ритма сердца (возрастные аспекты) / О.В. Коркushko [и др.]. - Киев, 2002. - 127 с.
- 4 Баевский, Р.М. Анализ вариабельности сердечного ритма: история и философия, теория и практика / Р.М. Баевский // Клиническая информатика и телемедицина. - 2004. - № 1. - С. 54-64.
- 5 Власова В.П. Возможности БОС-технологий в адаптивном физическом воспитании и реабилитации детей с ограниченными возможностями здоровья. // Теория и практика физической культуры. – 2016. – № 8. – С.32-34.
- 6 Диагностика и лечение нарушений регуляции сердечно-сосудистой системы : материалы XI науч.-практ. конф. (Москва, 25 марта 2009 г.) / Главный клинический госпиталь МВД России. - М., 2009. - 456 с.
- 7 Дубачев А.А. Оценка вариабельности сердечного ритма у пациентов, перенесших аортокоронарное шунтирование: дис. ... канд. мед. Наук. – Курск, 2012, – 127 с.
- 8 Ибатов, А.Д. Вариабельность ритма сердца при ортопробе и показатели центральной гемодинамики у больных ишемической болезнью сердца с сопутствующей артериальной гипертензией / А.Д. Ибатов // Российский кардиологический журнал. - 2004. - №1. - С. 76.
- 9 Иващенко А.С., Ежов В.В., Северин Н.А., Прокопенко Н.А. Эффективность медицинской реабилитации при ишемической болезни сердца в составе санаторно-курортного лечения. // Евразийский кардиологический журнал. – 2017. – №2. – С.28 –32.
- 10 Куватов В.А., Миронов В.А., Бавыкин М.В., Миронова Т.Ф. Вариабельность сердечного ритма у больных ишемической болезнью сердца при аортокоронарном шунтировании. // Вестник удмуртского университета. – 2012. – №2. – С.168-178.

- 11 Миронова Т. Ф., Миронов В. А. Вариабельность сердечного ритма при ишемической болезни сердца. – 2 - е изд., испр. и доп. – Челябинск: Рекпол, 2008. – 173 с.
- 12 Михайлова Т. В. Психологические факторы в декомпенсации хронической сердечной недостаточности: дис. ... канд. психол. наук. – СПб., 2006. – 200 с.
- 13 Николаев Е.Л., Лазарева Е.Ю. Психотерапия и психологическая помощь больным с сердечно-сосудистыми заболеваниями. // Вестник психиатрии и психологии Чувашии. – 2015. – Т. 11. – № 1. – С.57–76.
- 14 Шальнова С.А., Вихирева О.В. Оценка суммарного риска сердечно-сосудистых заболеваний. // Региональная фармакотерапия в кардиологии. – 2005. – №3. – С. 54-56.

Минько Э. А.¹

*¹Ақмолла атындағы Башқұрт Мемлекеттік
Педагогикалық Университеті*

АОРТОКОРОНАРЛЫҚ ШУНТИРЛЕУДЕН ӨТКЕН ПАЦИЕНТТЕРДІ КЕШЕНДІ ОҢАЛТУДА БОС-ӘДІСТІ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ

Аннотация

Мақала аортокоронарлық шунттаудан өткен пациенттерді кешенді оңалту тиімділігін арттыру үшін биологиялық кері байланыс (БОС) әдісін теориялық негіздеуге арналған. Осы әдістің сипаттамасына, атап айтқанда, оның мүмкіндіктері мен артықшылықтарына, медициналық практикада БОС жүректі операциядан кейін пациенттерді жақсырақ әрі жылдам қалпына келтіру (кешенді оңалту бағдарламасының нәтижелілігін арттыру) үшін қолжетімді және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ерекше назар аударылды.

Кілт сөздер: *БОС-әдіс, биологиялық кері байланыс, функционалдық бибасқарма, БОС-терапия, кешенді оңалту, медициналық оңалту, кардиологиялық оңалту, аортокоронарлық шунттау*

Minko E. A.¹

¹M. Akhmet Bashkir State Pedagogical University

THEORETICAL JUSTIFICATION OF THE BIOFEEDBACK METHOD IN THE COMPLEX REHABILITATION OF PATIENTS WHO HAVE UNDERGONE AORTOCORONARY BYPASS SURGERY

Abstract

The article is devoted to the theoretical justification of the biofeedback method for improving the effectiveness of complex rehabilitation of patients who have undergone coronary artery bypass grafting (CABG). Special attention is paid to the characteristics of this method, in particular its capabilities and advantages that allow affordable and effective use of biofeedback technologies in medical practice for better and faster recovery of patients after open heart surgery (improving the effectiveness of the comprehensive rehabilitation program).

Keywords: *biofeedback, functional biofeedback, biofeedback therapy, complex rehabilitation, medical rehabilitation, cardiac rehabilitation, coronary artery bypass grafting.*

МРНТИ 16.21.07

Алипова Г.¹
¹Баишев Университет

РУСИЗМЫ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ (НА МАТЕРИАЛЕ ЛИЧНЫХ ДОКУМЕНТОВ)

Аннотация

В статье затронута проблема использования заимствований (руссизмов) в текстах документов в современном Казахстане. Предлагается краткий обзор важных этапов в области развития казахских терминов. Уделено внимание способам образования новых казахских терминов, функционирующих в разнообразных документах. Проанализирована динамика заимствования казахским языком руссизмов, обслуживающих деловую сферу. Выявлены особенности словообразовательной структуры заимствованной терминологии в текстах формулярной части казахских документов личного характера.

Ключевые слова: *руссизм, личные документы, термин, казахский язык, заимствование, языковая политика*

Язык тесно связан с этнической историей своего общества. В этом взаимодействии язык обслуживает общество, выполняет в нем свои функции, а общество формирует языковой организм и регулирует поведение его носителей. Помимо этого, язык является верbalным кодом культуры, а также выступает в качестве условного знака принадлежности его представителей языковой общности [1, с. 54].

